

**«Аграплық несие корпорациясы»  
акционерлік қоғамы**

**Шоғырландырылған қаржылық есептілік**

*2024 жылғы*

## МАЗМУНЫ

### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

### ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп .....	9
Пайда мен залал туралы шоғырландырылған есеп.....	10
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп .....	11
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....	12
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп .....	13-14
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме ескертпелер .....	15-88

«КПМГ Аудит» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестік  
Қазақстан, А25D6T5, Алматы,  
Достық д-лы, 180,  
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной  
ответственностью «КПМГ Аудит»  
Казахстан, А25D6T5, Алматы,  
пр. Достық, 180

## Тауелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

### «Аграрлық несие корпорациясы» Акционерлік қоғамының акционеріне және Директорлар кеңесіне

#### Пікір

Біз 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал, жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының елеулі тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Аграрлық несие корпорация» АҚ және оның еншілес компаниясының (әрі қарай – «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына (ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Топтың 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және шоғырландырылған ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

#### Пікір білдіруге негізде

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» белгімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК -кодексі») және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді атаптап талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негізде болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

### Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері біздің көсіби пайымдауымыз бойынша, ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер толығымен біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитінің мәнмәтіні мен осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында қарастырылды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

#### **Клиенттерге берілген кредиттер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша күтілеттік залалдар (KK3)**

Шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі 3, 4, 8, 9, 20 және 24 Ескертулдерді қараңыз.

<b>Аудиттің негізгі мәселесі</b>	<b>Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық ресімдер</b>
<p>Клиенттерге берілген кредиттер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек активтердің жалпы шамасының 70%-ын құрайды, және тұрақты түрде есептелең және пайдаланылатын жoramалдарға сезімтал күтілеттік залалдарға (KK3) арналған резервтің шегерілуімен ұсынылған.</p> <p>Топ басшылықтан көсіби пайымдауды қолдануды және келесі негізгі аспектілерге жататын жoramалдарды пайдалануды талап ететін KK3 бағалау моделін пайдаланады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— кредиттік тәуекел мен дефолт оқиғаларының елеулі ұлғаюын уақытылы анықтау (9-шы ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдарына» сәйкес 1, 2 және 3-сатыны анықтау);</li> <li>— дефолт ықтималдығын (PD) және дефолт болған жағдайда шығын мөлшерін (LGD) бағалау;</li> <li>— түрлі сценарийлер мен болжамды ақпаратты есепке алу үшін түзетуді бағалау;</li> <li>— клиенттерге берілген кредиттер және несиелік құнсызданған қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек үшін күтілеттің ақша ағындарының болжамы.</li> </ul>	<p>Біз KK3 бағалауға қатысты Топтың әдістемесі мен саясатының негізгі аспектілеріне 9 ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкестігі мәніне, оның ішінде талдауға қаржылық тәуекелдерді басқару саласындағы біздің мамандарды тарта отырып талдау жүргіздік. Біз Топ қолданатын тиісті модельдердің жұмыс принциптерін тексердік.</p> <p>KK3 резервін бағалауға қатысты басшылық жасаған көсіби пайымдаулар мен жoramалдарды талдау үшін біздің аудиторлық ресімдеріміз мыналарды қамтыды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— Біз клиенттерге берілген несиелер бойынша кешіктірулерді дер кезінде қамтып көрсетуге қатысты бақылаулардың әрленімі мен енгізілуін бағалап, олардың операциялық тиімділігіне тестілеуді жүргіздік.</li> <li>— KK3 бағалаудың өлеуетті өзгерістері шоғырландырылған қаржылық есептілікке елеулі өсер етуі мүмкін клиенттерге берілген кредиттерді іріктеуге және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекке қатысты Топтың қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сондай-ақ Топ пайдаланған жoramалдар мен көсіби пайымдарды талдау арқылы сатылар бойынша белуді дұрыс жүзеге асырғанына тестілеу жүргіздік.</li> <li>— Клиенттерге берілген несиелерді және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық</li> </ul>

Клиенттерге берілген кредиттер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек көлемінің елеулі болуы және олар бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалаудың белгісіздігі салдарынан сала аудиттің негізгі мәселесі ретінде қаралады.

берешекті іріктеу бойынша біз алғашқы құжаттармен және көпшілікке қолжетімді нарықтық ақпаратпен салыстырып тексеру арқылы PD, LGD және EAD есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы деректердің дұрыстығын тексердік.

- Олар бойынша ККЗ резервтері жеке негізде бағаланатын, З-Кезенге және бастапқы есеп алу кезінде несиелік құнсызданған қаржылық активтерге (ПСКО) жатқызылған клиенттерге берілген несиелер мен қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек іріктемесін таңдау үшін біз тарихи тәжірибе мен қолжетімді нарықтық ақпараттың түсінігімізге сүйене отырып, болашақ ақша ағындарын есептеу кезінде Компания пайдаланатын жорамалдарды, соның ішінде өткізілетін кепілдердің құнын және оларды өткізу мерзімдерін бағалауды сынни тұрғыдан бағаладық.
- Сондай-ақ біз ағымдағы және болашақ экономикалық жағдайды және қарызы алушылардың тиісті санаттарының қызмет жағдайларын ескеретін өзіндік бағалаумен салыстыру арқылы әртүрлі сценарийлер мен болжамды ақпаратты есепке алу үшін түзетудің жалпы баламалығын талдадық.
- Біз ККЗ-ны есептеуде пайдаланылатын формулалардың математикалық дәлдігін тексердік, сондай-ақ жалпы алғанда, ККЗ-ны қайта есептеудің рәсімдерін жүргіздік.

Біз сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты ашу Топтың кредиттік төуекелге ұшырағыштығын тиісті түрде көрсете ме, жоқ па соған бағалау жүргіздік.

## Басқа ақпарат

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты. Басқа ақпарат 2024 жылғы Жылдық есепке енетін ақпаратты қамтиды, бірақ басқа ақпаратқа шоғырландырылған қаржылық есептілік пен шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің аудиторлардың есебі енбейді. 2024 жылғы Жылдық есеп бізге, болжаммен, осы аудиторлардың есебінің күнінен кейін ұсынылады.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды және біз басқа ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділік қорытындысын білдірмейміз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне байланысты біздің жауапкершілігіміз мүмкін болған жағдайда жоғарыда анықталған басқа ақпаратты оку және басқа ақпаратты оку барысында оның шоғырландырылған қаржылық есептілікпен немесе аудит барысында алған біздің білімімізben елеулі дәйексіздігін немесе елеулі бұрманланған болып көрінуін қарастыру.

## Шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін Топ басшылығы мен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептіліктің дайындауы мен өділ ұсынылуына және де алаяқтық өрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрманланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Топты жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

## Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық өрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрманланбағандығы туралы ақылға қонымыды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымыды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кезде ге елеулі бұрмануларды өрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрманулар алаяқтық өрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз көсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы көсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан білек біз келесілерді орындаімyz:

- алаяқтық өрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікті елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық ресімдерді өзірлейміз және еткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық өрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, ейткени алаяқтық өрекеттер сез байласу, жалғандық, қасақана еткізу, ақпаратты немесе өрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық ресімдерді өзірлеу мақсатымен, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызыу мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтылығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелу мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндегі ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз;
- топтың қаржылық есептілігі туралы пікір қалыптастыру негізі ретінде топ ішіндегі мекемелердің немесе белімшелердің қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер алу үшін топ аудитін жоспарлаймыз және жүргіземіз. Біз топ аудитінің мақсаттары үшін жүргізілген аудиторлық жұмыстарды бағыттау, бақылау және тексеру үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толығымен жауапты болып қаламыз.

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, соңдай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Біз, сонымен қатар, басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты сәйкес әдептілік талаптарын орындағанымыз туралы мәлімдеме береміз және барлық қарым қатынастар мен біздің тәуелсіздігімізге ықпал етеді деп негізді түрде санауға болатын өзге мәселелер және де сәйкес жағдайларда соған қатысты қорғау шаралары туралы айтып білдіре отырамыз.



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ  
Төуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі  
6-бет

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға айтып білдірген мәселелер арасынан біз ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған және сәйкесінше негізгі аудит мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты көпшілікке ашып көрсету замен немесе нормативтік актілермен тыйым салынған немесе қандай да бір мәселенің біздің есебімізде хабарлануының жағымсыз салдарлары қоғамдық маңызды пайдадан асып түседі деп негізді түрде жoramалданғандықтан мұндай мәселе біздің есепте хабарланбауы тиіс деп анықтаған өте сирек жағдайлардан басқа кезде осы мәселелерді біздің аудиторлардың есебінде сипаттаймыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын төуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:



Урдабаева А. А.  
Қазақстан Республикасының  
сертификатталған аудиторы  
2012 жылдың 27 тамызында берілген  
№ МФ-0000096 аудитордың біліктілік күөлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС  
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін  
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияны №0000021

Дементьев С. А.  
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде  
әрекет ететін Бас директоры

2025 жылдың 30 сәуірі

**ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП****2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша****мың теңгемен**

	<i>Ескертпе</i>	<i>2024 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>
<b>Активтер</b>			
Ақшалай қаражат және оның баламалары	6	430,783,789	168,988,929
Кредиттік ұйымдардағы қаражаттар		2,433,970	—
Банктеге берілген кредиттер	7	78,341,329	29,575,908
Клиенттерге берілген кредиттер	8	832,619,650	718,043,963
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9	553,719,699	457,464,211
Сатуға арналған активтер ретінде жіктелген активтер		977,094	726,309
Қауымдастырылған компанияларға инвестициялар		—	434,037
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		—	2,599,511
Қазақстан Республикасы Үкіметінен дебиторлық берешек	15,18	37,615,232	—
Негізгі құралдар		2,045,605	2,348,540
Материалдық емес активтер		790,858	874,935
Қосылған құн салығы және өтеуге салынатын өзге де салықтар		10,820,302	10,500,129
Корпоративтік табыс салығы бойынша қыска мерзімді активтер	17	134,115	2,270,712
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	15	25,836,773	—
Өзге активтер	10	15,122,011	18,274,132
<b>Активтер жиыны</b>		<b>1,991,240,427</b>	<b>1,412,101,316</b>
<b>Міндеттемелер</b>			
Акционер алдындағы берешек	11	84,563,613	93,516,543
Үкімет алдындағы берешек	12	62,631,531	77,340,798
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	13	169,595,336	188,524,346
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	14	82,680,223	114,583,545
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	976,678,478	380,425,744
Қыска мерзімді бағалау міндеттемелері		2,497,881	1,719,345
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы міндеттемелер	17	2,364,381	—
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	17	10,354,033	19,163,222
Мемлекеттік субсидиялар	18	94,400,466	66,252,890
Өзге міндеттемелер	16	14,960,349	19,726,341
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>1,500,726,291</b>	<b>961,252,774</b>
<b>Меншікті капитал</b>			
Акционерлік капитал	19	428,284,724	428,284,724
Резервтік капитал	19	28,568,552	19,704,422
Бөлінбекен пайда		33,660,860	2,859,396
<b>Меншікті капиталдың жиыны</b>		<b>490,514,136</b>	<b>450,848,542</b>
<b>Міндеттемелер мен меншікті капиталдың жиыны</b>		<b>1,991,240,427</b>	<b>1,412,101,316</b>
<b>Бір жай акцияның баланстық құны (тенгемен)</b>	19	<b>1,146.73</b>	<b>1,053.66</b>
<b>Топ Басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:</b>			
Сапулатов Кайрат Каертарович	 <b>Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі</b>		
Кусаинова Галия Даировна	 <b>Бас бухгалтердің м.а.</b>		
2025 жылғы 30 сәуір			

15-шіден бастап 88-шіге дейінгі беттердегі қоса беріліп отырган таңдалған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас болігі болып табылады.

**ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП****2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы**

мың тенге

**Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып  
есептелген пайыздық кірістер**

	<i>Ескерт- пе</i>	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
Ақшалай қаражат және оның баламалары		46,294,237	24,450,073
Кредиттік ұйымдардағы қаражаттар		7,519	–
Банктерге берілген кредиттер		7,541,383	7,047,156
Клиенттерге берілген кредиттер		145,812,114	119,667,366
Инвестициялық бағалы қағаздар		14	17
		<b>199,655,267</b>	<b>151,164,612</b>

**Өзге пайыздық кірістер**

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек

**Пайыздық шығындар**

Акционер алдындағы берешек		(8,606,694)	(9,061,224)
Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы берешек		(25,266,956)	(27,286,933)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек		(16,816,884)	(17,489,341)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		(16,214,003)	(12,216,465)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(77,109,197)	(46,165,696)
		<b>(144,013,734)</b>	<b>(112,219,659)</b>

**Таза пайыздық кіріс**

Кредиттік шығындар бойынша шығындар

20

**Кредиттік шығындар бойынша шығындарды шегергендегі  
таза пайыздық кіріс****135,149,345****104,812,453**

(54,508,859)

(51,374,566)

**80,640,486****53,437,887**Шетел валютасымен жасалатын операциялардан түсken таза  
кіріс/(залаал)

21 167,389 (440,393)

Персоналга арналған шығындар

(14,942,833)

(12,588,498)

Басқа екімшілік шығындар

21

(8,569,691)

(6,984,629)

Амортизацияланған күн бойынша бағаланатын қаржы  
активтерін өзгерту нәтижесінде таза шығындар

(3,924,661)

(4,255,656)

Өзге кірістер, нетто

16,472,315

11,874,444

Пайыздық емес шығын

**(10,797,481)****(12,394,732)****Салық салуға дейінгі пайда****69,843,005****41,043,155**

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар

(9,486,399)

(11,488,013)

Бір жылдағы пайда

**60,356,606****29,555,142****Топ Басқармасының атынан кол қойылды және шығаруға бекітілді:**

Сапулатов Кайрат Каертарович

Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі

Кусаинова Галия Даировна

Бас бухгалтердің м.а.

2025 жылғы 30 сәуір



**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП****2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы***мың тәңгемен*

	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
Бір жылдағы пайда	60,356,606	29,555,142
Бір жылдағы басқа жиынтық кіріс	—	—
<b>Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны</b>	<b>60,356,606</b>	<b>29,555,142</b>

Топ Басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Сапулатов Кайрат Каертарович



Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі

Кусаинова Галия Даировна

2025 жылғы 30 сәуір

## МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАГЫ ӨЗЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқтаған жылғы

мың тәңгемен

Ескерм- не	Акционерлік капитал	Резервтік капитал	Боліпбекен майдан		Жиыны
			(жинакталған шығындар)		
<b>2023 жылғы 1 кантарға</b>					
Бір жылдагы жиынтық кірістің жиыны	—	—	(7,160,417)	414,970,585	
Акционерлік капиталды үлгайту	20,000,000	—	29,555,142	29,555,142	
Резервтік капиталды үлгайту	—	—	—	20,000,000	
Төлемгендеген дивидендер	19	5,858,144	(5,858,144)	—	
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>—</b>	<b>—</b>	<b>(13,677,185)</b>	<b>(13,677,185)</b>	
<b>2024 жылғы 1 кантарға</b>					
Бір жылдагы жиынтық кірістің жиыны	—	—	60,356,606	60,356,606	
Акционерлік капиталды үлгайту	19	—	—	—	
Резервтік капиталды үлгайту	19	8,864,130	(8,864,130)	—	
Төлемгендеген дивидендер	19	—	(20,691,012)	(20,691,012)	
<b>2024 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>428,284,724</b>	<b>19,704,422</b>	<b>2,859,396</b>	<b>450,848,542</b>	
<b>2024 жылғы 1 кантарға</b>					
Бір жылдагы жиынтық кірістің жиыны	—	—	—	—	
Акционерлік капиталды үлгайту	19	—	—	—	
Резервтік капиталды үлгайту	19	—	—	—	
Төлемгендеген дивидендер	19	—	—	—	
<b>2024 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>428,284,724</b>	<b>28,568,552</b>	<b>33,660,860</b>	<b>490,514,136</b>	

Топ Баскармасының атынан колойында және шыгаруга бекітілді:



Сапулатов Кайрат Каергарович

Баскарма төрағасының орынбасары, Баскарма мүшесі

Бас бухгалтердің м.а.

Кусаннова Галия Даировна

2025 жылғы 30 сәуір

15-шідегі 88-шігеге деңгелі беттердегі қоса беріліп отырған таңдаған түсіндірме екіртмегер осы шоғырланырылған қаржылық есептіліктің ажыратасас белгілі болып табылады.

**АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

**2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы**

*мың теңгемен*

	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы</b>		
Алынған пайыздар	204,882,767	153,944,299
Төленген пайыздар	(104,236,043)	(56,144,263)
Персоналға төленген шығындар	(14,321,185)	(12,435,532)
Басқа операциялық шығындар, нетто	(8,394,170)	(4,165,095)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>	<b>77,931,369</b>	<b>81,199,409</b>
<i>Операциялық активтерді таза ұлгайту</i>		
Банктерге берілген кредиттер	(53,243,146)	(19,509,208)
Кредиттік ұйымдардағы қаражаттар	(2,371,587)	–
Клиенттерге берілген кредиттер	(135,484,742)	(26,576,388)
Қаржылық жалгерлік	(118,991,973)	(73,490,703)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	(25,836,773)	–
Өзге активтер	36,782,785	(4,715,292)
<i>Операциялық міндеттемелерді таза ұлгайту/(азайту)</i>		
Мемлекеттік субсидиялар	17,876,165	(24,702)
Өзге міндеттемелер	388,700	903,274
<b>Корпоративтік табыс салығын толегенге дейін операциялық қызметте ақшалай қаражатты таза пайдалану</b>	<b>(202,949,202)</b>	<b>(42,213,610)</b>
<b>Төленген корпоративтік табыс салығы</b>	<b>(13,797,860)</b>	<b>(4,963,974)</b>
<b>Операциялық қызметте қолма-қол ақшаны таза пайдалану</b>	<b>(216,747,062)</b>	<b>(47,177,584)</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы</b>		
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді сатып алу	(789,063)	(430,140)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер	23,839	11,636
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден түскен түсімдер	54,825	4,065
Инвестициялық мүлкіті сатудан түскен түсім (22-ескертпеле)	9,355,862	–
<b>Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттарының таза түсі (инвестициялық қызметте ақша қаражаттарын таза пайдалану)</b>	<b>8,645,463</b>	<b>(414,439)</b>
<b>Қаржы қызметінен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы</b>		
Акциялар мен басқа да қаржы құралдарының эмиссиясы	–	20,000,000
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыз тартудан түскен түсімдер (12, 25-ескертпеле)	140,000,000	140,000,000
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздарды өтеу (25-ескертпеле)	(160,000,000)	(120,000,000)
Кредиттік ұйымдардың қарыздарын тартудан түскен түсімдер (14, 25-ескертпеле)	12,100,000	85,967,000
Кредиттік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу (25-ескертпеле)	(46,562,533)	(34,723,201)
Акционерден алынған қарыздарды өтеу (25-ескертпеле)	(15,480,923)	(14,314,148)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (15, 25-ескертпеле)	639,533,580	30,278,337
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу (25-ескертпеле)	(43,933,000)	(38,373,610)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан қарыз тартудан түсім (13, 25-ескертпеле)	480,000	1,500,000
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан алынған қарыз қаражаттарын өтеу (25-ескертпеле)	(35,969,449)	(12,442,228)
Төленген дивидендтер (19-ескертпеле)	(20,691,012)	(13,677,185)
<b>Қаржы қызметінен ақшалай қаражаттардың таза түсімі</b>	<b>469,476,663</b>	<b>44,214,965</b>

15-шіден бастап 88-шіге дейінгі беттердегі қоса беріліп отырған таңдалған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

**2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы**

*мың теңгемен*

	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
Күтілетін кредиттік шығындардың ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	(6,597)	1,115
Валюта бағамдары өзгерісінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	426,393	(119,434)
<b>Ақшалай қаражат пен оның баламаларының таза өзгеруі</b>	<b>261,794,860</b>	<b>(3,495,377)</b>
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	168,988,929	172,484,306
<b>Жыл соңындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары (б-ескертпеле)</b>	<b>430,783,789</b>	<b>168,988,929</b>

**Топ Басқармасының атынан қол қойылды және шыгаруға бекітілді:**

Сапулатов Кайрат Каертарович

Кусаинова Галия Даировна

2025 жылғы 30 сәуір



**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТУСІНДІРМЕ**

*мың теңгемен*

**1. Есеп беретін кәсіпорын**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам» не «Компания») және оның еншілес кәсіпорнының (бұдан әрі – «Топ») қаржылық есептілігін қамтиды.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қантардағы № 137 қаулысымен құрылды. Қоғам Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жаңындағы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау комитеті (бұдан әрі – «ҚРҰБ») берген Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 5 қарашадағы № 5.2.24 банк заңнамасында көзделген операцияларды жүргізуге арналған лицензия негізінде қызметті жүзеге асырады. Қоғамның қызметін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі реттейді.

Қоғамның негізгі қызметі агроенеркәсіптік кешен субъектілеріне қолжетімді кредит беру жүйесін дамыту жолымен аграрлық саланы индустрияландыруға және әртараптандыруға жәрдемдесу, тиісті лицензия негізінде банктік қарызы операцияларын жүзеге асыру, кредит беру жолымен ауыл шаруашылығы секторын қолдау жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға катысу, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту, агроенеркәсіптік кешенде инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға катысу, лизингтік қызметті, қаржы институттарын қорландыру, заңды тұлғалар агроенеркәсіптік кешен субъектілерін ислам қағидаттары бойынша қаржыландыру мақсатында оларды исламдық қаржы құралдарын қолдана отырып қаржыландыру және заңнамалық актілерде тығым салынбаған және Жарғыда көзделген Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін өзге де қызмет түрлерін пайдалана отырып қаржыландыру.

Қоғамның қаржыландыру бойынша қызметі қаражатты пайдалану бойынша ерекше талаптар мен шектеулерді көздейді. Клиенттерге кредиттер Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларын іске асыруға байланысты нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша беріледі.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның Қазақстан Республикасының аумағында 19 тіркелген филиалы (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша - 19 филиалы) бар.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам негізгі қызметі агроенеркәсіптік кешендердегі лизингтік қызметті, агроенеркәсіптік кешенді кредиттеуді, агроенеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған республикалық бюджеттік және өзге де бағдарламаларды іске асыруға қатысады қамтитын «ҚазАгроКаржы» АҚ (еншілес кәсіпорын) иелігіндегі 100% үлеске ие болды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Бәйтерек» немесе «Акционер») Топтың 100% акциясына иелік етеді.

Топтың түпкі меншік иесі Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Топтың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Иманов к-сі, 11.

**Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары**

Топтың қызметі Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, Топтың бизнесіне дамып келе жаткан нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын тусіндірудің екіштілігі тәуекелімен ұштасады, олар сондай-ақ жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа заңдық және фискалдық кедегілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Қазақстанның тенге бағамының құбылмалылығы, әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының түрлілігі және Ресей Федерациясы мен Украинаның арасындағы әскери қақтығыс та шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының белгісіздік деңгейін арттыруды.

Оған қосымша, Америка Құрама Штаттарының (Трамп әкімшілігінің) 2025 жылдың сәуірінде тауарлардың белгілі бір санаттарын импорттауға жаңа тарифтерді енгізу жаһандық экономика мен халықаралық сауда қызметінің жай-күйіне қосымша тәуекелдер туғызды. Сыртқы сауда саясатындағы аталған өзгерістер Қазақстанның макроэкономикалық жағдайға және Топтың қызметіне макроэкономикалық әсерін тигізуі мүмкін.

Ұсынылып отырган шоғырландырылған қаржылық есептілік Қазақстанда бизнес жүргізу шарттарының Топтың қызметіне және қаржылық жағдайына қандай әсер ететініне басшылықтың көзқарасын көрсетеді. Болашақ шаруашылық жүргізу шарттарының накты әсері оларды басшылықтың бағалаудын өзгеше болуы мүмкін.

*мың тенге*

## **2. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХКЕС») сәйкес дайындалды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» белімінде аталғандарды қоспағанда, нақты шығындар бойынша бағалауды есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілік бір жай акцияга шакқандағы деректерді қоспағанда немесе егер өзгеше көрсетілмесе, мындаған қазақстандық тенгемен (бұдан әрі мәтіні бойынша – «мың тенге») ұсынылған.

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік кызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде жасалды, бұл қалыпты қызмет барысында активтерді іске асыру мен міндеттемелерді өтеуді білдіреді. Топтың өз активтерін іске асыру қабілеті, сондай-ақ оның болашақтағы қызметі Қазақстандағы ағымдағы және болашак экономикалық жағдайлардың елеулі ықпалына ұшырауы мүмкін.

## **3. Есеп саясатының маңызды ережелері**

Теменде сипатталған есеп саясатының маңызды ережелері клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалауга катысты 2024 жылы жаңартылған пайымдауларды қоспағанда, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде дәйекті турде қолданылып отырды (24-ескертпе).

### **Әділ құнды бағалау**

Әділ құн - бұл активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысуышылар арасындағы әдеттегі мәміле кезінде міндеттемені беру кезінде төленетін баға. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатында мәміле:

- осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- нарық болмаған жағдайда, осы активке немесе міндеттемеге қатысты негұрлым тиімді нарықта жасалады деп болжайды.

Топтың негізгі немесе ең тиімді нарыққа қолжетімділігі болуы керек. Топтың негізгі немесе ең тиімді нарыққа қолжетімділігі болуы керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысуышылары өздерінің ең жақсы экономикалық мұдделері үшін әрекет еткен жағдайда активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде нарық қатысуышылары пайдаланатын болжамдар пайдаланыла отырып бағаланады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысуышының не активті ең жақсы және негұрлым тиімді пайдалану арқылы, немесе оны осы активті ең жақсы және негұрлым тиімді турде пайдаланатын нарықтың басқа қатысуышына сату арқылы экономикалық пайда алу қабілетін ескереді.

Топ осы жағдайларға сәйкес келетін және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер колжетімді бағалау үлгілерін пайдаланады, бұл ретте, орынды бакыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалануға және бакыланбайтын бастапқы деректерді пайдалануды азайтуға мүмкіндік береді. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде төменде сипатталған әділ құн иерархиясы шенберінде жіктеледі:

- 1-ші деңгей – бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгілеулери (түзетілмейтін).
- 2-ші деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама турде бакыланатын бағалау модельдері.
- 3-ші деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта бакыланбайтын бағалау модельдері.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте қайталанатын негізде танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында, Топ әр есепті кезеңнің сонына жіктемені (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайта талдай отырып, оларды иерархия деңгейлері арасында аудару қажеттілігін анықтайды.

*мың теңгемен*

### **Қаржылық активтер мен міндеттемелер**

#### **Бастапқы тану**

##### **Тану күні**

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді стандартты шарттарда сатып алу немесе сату мәміле жасалған күні, яғни Топ активті немесе міндеттемені сатып алу бойынша міндеттеме алған күні көрсетіледі. Стандартты шарттарда сатып алуға немесе сатуға шарттар бойынша нарықта қабылданған ережелерде немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде активтер мен міндеттемелерді жеткізу талап етілетін шарт шеңберінде қаржы активтері мен міндеттемелерін сатып алу немесе сату жатады.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарының жіктелуі келісімшарттық шарттарға және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-ұлгіге байланысты. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын жағдайларды қоспағанда, қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша, оның ішінде мәміле бойынша шығындар бойынша бағаланады.

#### **Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау санаттары**

Топ өзінің барлық қаржылық активтерін активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-ұлгінің және:

- амортизацияланған құн;
- басқа да жыныстық кіріс арқылы әділ құн (БЖКӘҚ);
- пайда немесе залал арқылы әділ құн (ПЗӘҚ) бойынша бағаланатын активтердің келісімшарттық талаптары негізінде жіктелді.

Топ ПЗӘҚ бойынша саудаға арналған туынды құралдар мен құралдарды жіктеуді және бағалайды. Егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану принциптерін қолданудың сәйкесіздігін жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, Топ өз қалауы бойынша қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланатын деп жіктеі алады.

Қарыздар мен қаржылық кепілдіктер беру жөніндегі міндеттемелерден басқа қаржылық міндеттемелер, егер олар саудаға және туынды құралдарға арналған болса немесе ұйымның қалауы бойынша әділ құны бойынша бағаланатын болып жіктелсе, амортизацияланған құн бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланады.

#### **Банктердегі қаражаст, клиенттерге берілген кредиттер, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар**

Топ банктердегі қаражасты, клиенттерге беріген кредиттерді және басқа қаржылық инвестицияларды амортизацияланған құн бойынша бағалайды, егер келесі екі шарт орындалса ғана:

- қаржы активі мақсаты шартта көзделген ақшалай қаражасты алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндері тек қарыздың негізгі сомасы мен қарыздың негізгі сомасының өтмелеген бөлігіне пайыздар есебіне төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды шарттайты (SPPI).

Бұл шарттар төменде толығырақ қарастырылған.

#### **Бизнес-модельді бағалау**

Топ бизнес-модельді белгілі бір бизнес максатына жету үшін топтарға біріктірілген қаржылық активтерді басқару қалай жүзеге асырылатынын жаксы көрсететін деңгейде аныктайды.

Топтың Бизнес-моделі жеке бір құралдар деңгейінде емес, портфельді біріктірудің жоғары деңгейінде бағаланады және мынадай бақыланатын факторларға негізделген:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі мен осы бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқару персоналына қалай жеткізіледі;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай марараптталады (мысалы, сыйакы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- Топтың бизнес-моделін бағалау кезінде күтілетін сату жиілігі, қолемі мен уақыты да маңызды аспектілер болып табылады.

**мың төңгемен**

Бизнес-ұлғіні бағалау «ең нашар» немесе «стресстік» сценарийлерді ескермей, пайда болуы негізді түрде күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер бастапқы танудан кейінгі ақша ағындары Топтың күткенінен өзгеше тәсілмен жүзеге асырылса, Топ осы бизнес-ұлғі шеңберінде ұсталатын қалған қаржылық активтердің жіктелуін өзгертпейді, бірақ кейіннен жаңадан құрылған немесе жаңадан сатып алынған қаржылық активтерді бағалау кезінде осындай акпаратты ескереді.

*«Tek негізгі қарыз сомасына және негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне төлемдер»  
сынағы (SPPI сынағы)*

Жіктеу процесінің екінші кезеңі шеңберінде Топ актив бойынша шартта көзделген ақша ағындары тек негізгі борыш сомасы мен негізгі борыш сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне төлемдер болып табылатынын анықтау үшін қаржы активінің шарттық талаптарын бағалайды (SPPI сынағы).

Осы тесттің мақсаттары үшін «қарыздың негізгі сомасы» бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді және ол осы қаржы активінің қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер негізгі қарызды өтеу шотына төлемдер немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы болса).

Кредиттік шарт шеңберінде пайыздардың ең маңызды элементтері, әдетте, ақшаның уақытша құнын өтеу және кредиттік тәуекелді өтеу болып табылады. SPPI тестін өткізу үшін Топ пайымдауды қолданады және қисынды факторларды талдайды, мысалы, қаржы активі қандай валютада көрсетілген және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезең.

Сонымен катар, базалық кредиттік келісімге байланысты емес, шартта көзделген ақша ағындарының тәуекелдерге ұшырауына немесе құбылмалылығына елеусіз аз әсер ететін шарттық талаптар шартта көзделген ақша ағындарының туындауын шарттамайды, олар тек негізгі борыш сомасы мен негізгі борыш сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне төлемдер болып табылады. Мұндай жағдайларда қаржы активін ПЗӘҚ бойынша бағалау кажет.

Егер мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленген сома негізгі қарыздың өтелмеген бөлігін және өтелмеген бөлікке пайыздарды білдірсе және шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылғаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемекінің камтуы мүмкін болса мерзімінен бұрын өтеу шарты SPPI өлшемшартына сәйкес келеді. Бұдан басқа, мерзімінен бұрын өтеу туралы талап, егер қаржы активі Шартта көрсетілген номиналды сомага қатысты сыйлықақымен немесе дисконtpен сатып алынса немесе жасалса, мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленуге жататын сома мәні бойынша Шартта көрсетілген номиналды соманы және шартта көзделген есептелген (бірақ төленбеген) пайыздарды білдіретін жағдайда, осы өлшемге сәйкес ретінде қаралады (сонымен катар келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемекі болуы мүмкін); ал қаржы активі бастапқы танылған кезде оның мерзімінен бұрын өтеу туралы шарттарының әділ құны елеусіз болып табылады.

**Кредит беру бойынша міндеттемелер**

Кредит беру бойынша міндеттемелер шарттық міндеттемелер болып табылады, олардың талаптары бойынша Топ міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде клиентке алдын ала келісілген шарттарда кредит беруге міндетті. Мұндай міндеттемелерге қатысты ККЗ бағалауга қойылатын талаптар қолданылады.

Топ кейде нарықтан төмен пайыздық мөлшерлемемен кредит беру бойынша міндеттемелер шығарады. Мұндай міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша танылады және кейіннен ККЗ арналған бағалау резерві сомасының ең үлкен шамасы бойынша және бастапқыда танылған сома бойынша, кажет болған жағдайда, табыстың танылған жинакталған сомасы шегеріле отырып бағаланады.

**Қаржылық активтер мен міндеттемелердің қайта жіктеу**

Топ қаржылық активтерді баскарудың бизнес-моделін өзгертетін ерекше жағдайлардан баскада, Топ қаржылық активтерді бастапқы танылғанынан кейін қайта жіктемейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді.

**Ақшалай қаражат және оның баламалары**

Ақша қаражаттары мен олардың баламаларына қолма-қол ақшалай қаражаттар және пайда болған құннан бастап тоқсан күн ішінде өтеу мерзімімен, қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалықсыз кредиттік ұйымдардағы қаражат жатады.

*мың төңгемен*

### Қарыз қаражаттары

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Топтың ақшалай қаражатты немесе өзге де қаржы активтерін жеткізуге не міндеттемесі болса, не міндеттемені ақшалай қаражаттың немесе басқа қаржы активтерінің белгіленген сомасын меншікті үlestік құралдардың белгіленген санына айырбастау жолымен өзгеше түрде орындауга міндеттемесі болса, міндеттемелер ретінде жіктеледі. Мұндай құралдарға акционер алдындағы берешек, кредит ұйымдарының қаражаты, шығарылған борыштық бағалы қағаздар, мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек жатады. Бастапқы танудан кейін қарыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Пайда мен залал міндеттемелерді тану тоқтатылған кезде пайда немесе залал құрамында, сондай-ақ амортизация процесінде көрсетіледі.

### Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активі мен қаржылық міндеттеме нетто-шаманың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған сомаларды есепке алуды жүзеге асыруға заңды қорғалатын құқық болған кезде және нетто-негізде есеп айырысу жүзеге асыруға не активті іске асыруға және міндеттемені бір мезгілде орындауга ниет болған кезде өзара есепке алынуға жатады. Есепті жүзеге асыру құқығы келешектегі оқиғага негізделмеуге тиіс және мынадай жағдайлардың барлығында заңды қорғалуға тиіс:

- қалыпты қызмет барысында;
- дефолт жағдайында; және
- ұйымның немесе контрагенттердің біреуінің дәрменсіздігі немесе банкроттығы жағдайында.

Бұл шарттар, әдетте, өзара есеп айырысу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте толық сомада көрсетіледі.

### Кредиттерді қайта құрылымдау

Топ, мүмкіндігінше, кепілге өндіріп алу айналысын қолданудың орнына кредиттер бойынша талаптарды қайта қарауға, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартуға және несиелеудің жаңа талаптарын келісуге тырысады.

Егер шарттың талаптары іс жүзінде ол жаңа кредитке айналатында қайта қаралып, ал айырмашылығы құнсызданудан болған шығын танылғанға дейін тануды тоқтатудан түскен пайда немесе залал ретінде танылса, Топ қаржылық активті, мысалы, клиентке берілген кредитті тануды тоқтатады. Бастапқы тану кезінде кредиттер ККЗ бағалау максаты үшін 1-сатыға жатады, құрылған кредит СҚҚҚ актив болып саналатын жағдайларды қослағанда. Клиентке кредитті тануды тоқтату керек пе, жоқ па, соны бағалау кезінде Топ, баскалармен қатар, келесі факторларды қарастырады:

- кредит валютасының өзгеруі;
- контрагенттің өзгеруі;
- модификация құралдың SPPI тестінің өлшемшарттарына жауап бермейтініне әкеледі ме.

Егер модификация ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, модификация тануды тоқтатуға әкелмейді. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконттады ақша ағындарының өзгеруі негізінде Топ пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте басқа шығыстар құрамында ұсынылатын модификациядан түскен пайданы немесе залалды таниды.

Тануды тоқтатуға әкелмейтін модификация жағдайында, Топ кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуінің немесе активтерді кредиттік- құнсызданған активтер ретінде жіктеу қажеттілігінің барын қайта бағалайды.

### Қаржылық міндеттемелердің талаптарын модификациялау

Қаржылық міндеттеменің талаптары модификацияланған міндеттеме бойынша ақша ағындарының шамасы айтарлықтай өзгеретіндей өзгерген кезде, Топ қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Бұл жағдайда талаптары модификацияланған жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен талаптары модификацияланған жаңа қаржылық міндеттеменің құны арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛККЕ****ТҮСІНДІРМЕ****мың теңгемен**

Егер талаптарды өзгерту (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) қаржылық міндеттемені тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, Топ шарттарды өзгерту қаржы активін тануды тоқтатуға әкеп соқпайтын жағдайларда қаржы активінің жалпы баланстық құнын түзетуге қатысты тәсілге сәйкес келетін есеп саясатын қолданады, яғни, Топ осындай модификация (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) нәтижесінде туындастын қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнының кез келген түзетуін талаптарды өзгерту (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) күніндегі пайда немесе залал құрамында таниды.

Қолда бар қаржылық міндеттемелер бойынша акша қаражаты ағындарының шамасының өзгеруі, егер олар Шарттың ағымдағы талаптарының салдары болып табылса, шарттардың модификациясы болып саналмайды.

Топ сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық пен сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, жағдайлардың түрлендірілуінің маңыздылығын сандық және сапалық тұрғыдан бағалайды. Топ келесі сапалық факторлардың негізінде шарттарды өзгерту маңызды деген қорытындыға келеді:

- қаржылық міндеттеме валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз ету түрінің немесе міндеттеменің сапасын арттырудың басқа құралдарының өзгеруі;
- айырбастау талаптарын қосу;
- қаржылық міндеттеме бағыныстырылғының өзгеруі.

Сандық бағалауды жүргізу мақсаттары үшін, егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, алынған комиссиялық сыйакыны шегергендең комиссиялық сыйакыны төлеуді қоса алғанда, жаңа талаптарға сәйкес акша қаражаты ағындарының келтірінді құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған акша қаражаты ағындарының дисконтталған келтірінді құнынан кемінде 10%-ға өзгеше болса, талаптар айтарлықтай өзгеше болып есептеледі. Егер бір борыштық құралды екіншісіне ауыстыру немесе оның талаптарын өзгерту есепте өтеу ретінде көрсетілсе, онда жұмсалған шығындар немесе комиссиялар тиісті борыштық міндеттемені өтеуден түскен пайданың немесе залалдың бөлігі ретінде танылады. Егер бір борыштық құралды екіншісіне ауыстыру немесе оның талаптарын өзгерту есепте өтеу ретінде көрсетілмесе, онда жұмсалған шығындар немесе комиссиялар сомасына тиісті міндеттеменің баланстық құны түзетіледі және бұл түзету өзертілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

**Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату****Қаржылық активтер**

Қаржылық активтер (немесе қолданылатын жерде – қаржы активінің бір бөлігі немесе ұксас қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылуды тоқтатады, егер:

- активтен акша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен акша ағындарын алу құқығын берсе немесе алынған акша ағындарын толығымен айтарлықтай кідріссіз «транзиттік» келісім талаптарында үшінші тарапқа аудару құқығын қабылдап алса, сондай-ақ
- Топ не (а) іс жүзінде активтің барлық тәуекелдеір мен пайдасын берсе, не (б) бермесе, бірақ өзіне активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын сақтамай, осы активті бакылауды берсе.

Егер Топ өзінің активтен акша ағындарын алу құқығын берген жағдайда, бұл ретте, өзіне оған байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, сақтамаса, сондай-ақ активті бакылауды бермесе, мұндай актив Топтың осы активке үздіксіз қатысуы шегінде есепте көрсетіледі. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысады жалғастыру активтің бастапқы баланстық құнының ең аз мәндері бойынша және Топқа төлеуге ұсынылуы мүмкін өтемнің ең жоғары мөлшері бойынша бағаланады.

**Есепten шығару**

Егер Топ қаржылық активтер құнының өтелуін енді күтпеген жағдайдаған, олар ішінәра немесе толығымен есептен шығарылады. Егер есептен шығаруға жататын сома құнсыздануға арналған жинақталған резервтің шамасынан жоғары болса, онда айырмасы алдымен кейіннен жалпы баланстық құнға қолданылатын резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі. Кез келген кейінгі қалпына келтіру кредиттік шығындар бойынша шығыстарға жатады. Есептен шығару тануды тоқтатуға жатады.

**Қаржылық міндеттемелер**

Қаржылық міндеттемені тану тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛККЕ****ТУСІНДІРМЕ****мың теңгемен**

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені бір кредитор алдындағы басқа міндеттемемен айтарлықтай өзгеше талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптары елеулі турде өзгерілген жағдайда, бастапқы міндеттемені тану тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме есепте пайда немесе залал құрамындағы міндеттемелердің баланстық құнындағы айырма таныла отырып, көрсетіледі.

**Құнсыздану****Түннди емес қаржылық активтер**

4 және 24-ескертпелерді де қараңыз.

Қоғам пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын мынадай қаржы құралдары бойынша күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервін мойындайды:

- борыштық құралдар болып табылатын қаржылық активтер;
- шығарылған қаржылық кепілдік шарттары.

Үлестік құралдарға салынған инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залал танылмайды.

Қоғам резерв сомасы 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең болатын мынадай құралдарды қоспағанда, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалға тең сомада күтілетін кредиттік залалға арналған бағалау резервтерін мойындайды:

- есепті күндеңі жағдай бойынша орташа кредиттік тәуекелі бар борыштық инвестициялық бағалы қағаздар;
- кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәтінен бастап айтарлықтай өспеген басқа қаржы құралдары.

12 айлық күтілетін кредиттік залал («12 айлық ККЗ») – есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолт оқиғалары салдарынан күтілетін кредиттік залалдың бір бөлігі. 12 айлық ККЗ танылатын қаржы құралдары «1-кезең» қаржы құралдарына жатады.

Барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залалдар («барлық мерзім ішіндегі ККЗ») бүкіл күтілетін қолданылу мерзімі ішінде қаржы құралы бойынша дефолттың барлық ықтимал оқиғаларының нәтижесінде ККЗ ретінде айқындалады. Барлық мерзім ішіндегі ККЗ танылатын қаржы құралдары «2-кезең» (егер қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған кезінен бастап айтарлықтай артқан, бірақ қаржы құралы кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын жағдайда) және «3-кезең» (егер қаржы құралы кредиттік-құнсызданған құрал болып табылған жағдайда) қаржы құралдарына жатады).

**Күтілетін кредиттік залалдарды (ККЗ) бағалау**

Күтілетін кредиттік залалдар - дефолттың басталу ықтималдығының дәрежесі бойынша өлшенген кредиттік залалдардың есептелген бағасы. Олар келесідей түрде бағаланады:

- *есепті күндеңі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын қаржылық активтерге қатысты:* барлық күтілетін ақшалай қаражаттың алынбауының келтірілген құны ретінде (яғни шартқа сәйкес Қоғамға тиесілі ақшалай қаражат ағындары мен Қоғам алуды күткен ақша қаражаттарының ағындары арасындағы айырмашылық);
- *есепті күндеңі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын қаржылық активтерге қатысты:* активтердің жалпы баланстық құны мен ақшалай қаражаттардың есептелген болашақ ағындарының келтірінді құны арасындағы айырмашылық ретінде;
- *қаржылық кепілдік шарттарына қатысты:* Топ өтеуді күткен сомаларды шегергенде өзіне келтірілген кредиттік шығынды өтеу үшін шарт ұстаушыға күтілетін төлемдердің келтірінді құны ретінде.

**Қайта құрылымдалған қаржылық активтер**

Таралтардың келісімі бойынша қаржылық активтің талаптары қайта қаралған немесе қаржылық активтің талаптары модификацияланған немесе қарызы алушының қаржылық қындықтары себебінен қолданыстағы қаржылық актив жаңасымен ауыстырылған жағдайда, осы қаржылық активті тануды тоқтату кажеттілігі тұрғысынан бағалау жүргізіледі және күтілетін кредиттік залалдар билайша бағаланады:

- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға әкеп сокпаса, онда модификацияланған қаржылық актив бойынша күтілетін ақша ағындары қолданыстағы актив бойынша ақшалай қаражатты түгел алмау сомаларының есебіне енгізіледі.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ****ЕСКЕРТПЕЛЕР****мын тәңгемен**

- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға әкеп соқтыратын болса, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны оны тану тоқтатылған сәтте қолданыстағы актив бойынша ақшалай қаражаттың түпкілікті ағыны ретінде қаралады. Бұл сома қолданыстағы қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, тануды тоқтатудың күтілетін құннан бастап есепті құнға дейінгі кезең үшін дисконттаратын қолданыстағы қаржылық актив бойынша ақшалай қаражаттың түгел алмау сомаларының есебіне жатқызылады.

**Кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер**

Әрбір есепті құнға Топ амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді және әділ құн бойынша басқа жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын борыштық қаржылық активтерді олардың кредиттік құнсыздануы мәніне бағалау жүргізеді. Мұннадай қаржылық актив бойынша болашақ есептік ақша ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқигалар болған кезде қаржылық актив «кредиттік-құнсызданған» болып табылады.

Қаржылық активтің кредиттік құнсыздануының дәлелі, атап айтқанда, мынадай бақыланатын деректер болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің айтарлықтай қаржылық қындықтары;
- дефолт немесе төлемді кешіктіру сияқты шарт талаптарын бұзу;
- Топтың қарызды немесе аванстық төлемді басқа жағдайларда ол қарастырмайтын талаптарда қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының банкроттығы немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастырылу ықтималдығының туындауы; немесе
- қаржылық қындықтардың нәтижесінде бағалы қағаздар үшін белсенді нарыктың жоғалуы.

Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы салдарынан талаптары қайта қаралған кредит, әдетте, егер шартта көзделген ақша қаражаттарының ағындарын алмау тәуекелі айтарлықтай төмендегені және құнсызданудың басқа белгілері жок екендігінің дәлелі болмаса, кредиттік-құнсызданған болып есептеледі.

**Салық салу**

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері баланстық міндеттемелер әдісі қолданыла отырып, барлық уақыт айырмашылықтарына қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсаттарында активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақыт айырмашылықтары бойынша көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері салық базасын төмендететін осы уақыт айырмашылықтары есепке алынуы мүмкін болашакта салық салынатын пайда алу ықтималдығы бар шамадаған көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті құнға күшіне енген немесе іс жүзінде күшіне енген заңнаманы негізге ала отырып, активті іске асыру немесе міндеттемені реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Топ кейінге қалдырылған салық талаптары мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің өзара есепке алынуын жүргізеді және қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаган есепте нетто негізде көрсетеді, егер:

- егер Топтың ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық талаптарын есепке алуды жүргізуге занды түрде бекітілген құқығы болса; және
- кейінге қалдырылған салық талаптары мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері белгілі бір салық субъектісінен белгілі бір салық органы өндіріп алатын корпоративтік табыс салығына жататын болса.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында Топтың қызметіне қатысты қолданылатын түрлі операциялық салықтар қолданылады. Бұл салықтар басқа операциялық шығыстардың құрамында көрсетіледі.

**Акционерлік капитал****Жарғылық капитал**

Жарғылық капиталға жарналар тарихи құны бойынша тікелей шығару шығындары шегеріле отырып танылады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛККЕ****ТҮСІНДІРМЕ****ЕСКЕРТПЕЛЕР****мың теңгемен****Резервтік капитал**

Резервтік капиталды Топ Акционерінің шешімі негізінде бөлінбекен пайдадан қаражат аудару арқылы көбейтуге болады. Топтың саясатына сәйкес, резервтік капитал болашақ шығындарды және басқа да күтпеген тәуекелдер мен жағдайларды коса алғанда, жалпы тәуекелдерді жабу үшін қалыптастырылады. Резервтік капитал Акционердің шешімі негізінде бөлінуге жатады.

**Дивидендтер**

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және олар есепті күнге дейін жарияланған жағдайда ғана есепті күнге капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы акпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ашылады.

**Шартты міндеттемелер**

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді, бұл ретте, өтелуіне байланысты, ресурстардың шығуы екіталай болып табылатын жағдайларды қоспағанда, олар туралы акпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

**Қарыз беру бойынша міндеттемелер**

Қарыз беру бойынша міндеттеме - бұл алдын ала келісілген талаптарда және белгіленген мерзімдерде қарыз берудің берік міндеттемесі.

Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша қарыз беру бойынша шығарылған міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Кейіннен олар екі шаманың ең үлкені бойынша бағаланады: XКЕС (IFRS) 9 сәйкес анықталған шығындарға арналған бағалау резервінің сомасы бойынша және тиісті жағдайларда, XКЕС (IFRS) 15 қафидаттарына сәйкес танылған жинақталған кіріс сомасы шегеріле отырып, бастапқыда танылған сома бойынша бағаланады.

Топта пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыз беру бойынша шығарылған міндеттемелер жок. Қарыз беру бойынша өзге де міндеттемелерге қатысты Топ залалға арналған бағалау резервін таниды. Қарыз беру бойынша міндеттемелерге қатысты танылған қаржылық міндеттемелер басқа міндеттемелердің құрамына енгізілген.

**Кірістер мен шығыстарды тану**

Егер Топтың экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және түсімді сенімді турде бағалау мүмкін болатын болса, түсім танылады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте түсімді тану үшін келесі өлшемшарттар орындалуы керек:

**Пайыздық және үқсас түсім мен шығыстар**

Топ кредиттік – құнсызданған қаржылық активтерден басқа, амортизацияланған құн бойынша немесе ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активтері бойынша пайыздық түсімді қаржылық активтердің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені колдана отырып есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл дисконттау кезінде болашақ ақшалай төлемдер немесе түсімдер каржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе қолданылатын қысқа мерзім ішінде дәлме-дәл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына әкелетін мөлшерлеме. Есептеу кезінде каржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімін бұрын өтегу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын, бірақ болашақ кредиттік залалдар ескерілмейтін құралмен тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығындар ескеріледі. Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны Топ төлемдерді немесе түсімдерді бағалауды қайта қаралған жағдайда түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі пайыздық түсім немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Кредиттік-құнсызданған қаржылық активке айналған қаржылық актив жағдайында, Қоғам пайыздық түсімді тиімді пайыздық мөлшерлемені осы қаржылық активтің таза амортизацияланған құнына қолдана отырып есептейді. Егер қаржылық актив бойынша дефолт жойылса және ол кредиттік құнсызданған болып табылмаса, Қоғам пайыздық түсімді жалпы құн негізінде есептеуге қайта оралады.

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚҚҚ) қаржылық активтер жағдайында Қоғам пайыздық түсімді қаржылық активтің амортизацияланған құнына кредиттік тәуекел ескеріле отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені колдана отырып есептейді. Кредиттік тәуекел ескеріле отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл бастапқы тану кезінде болашақ есептік ақшалай қаражат ағындарын (кредиттік залалдарды коса алғанда) СҚҚҚ активтердің амортизацияланған құнына дейін дисконттайтын мөлшерлеме.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛККЕ****ТҮСІНДІРМЕ****ЕСКЕРТПЕЛЕР****мың теңгемен****Aқпарат ұсыну**

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кірістер амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есептің «өзге пайыздық кірістер» бабы қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған пайыздық шығыстар амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстарды қамтиды.

**Мемлекеттік субсидиялар**

Мемлекеттік субсидиялар - бұл Үкіметтің, мемлекеттік агенттіктердің және мемлекеттік ұйымдардың Топтың операциялық қызметіне катысты өткен немесе болашактағы белгілі бір талаптарды орындауга айырбас Топқа ресурстарды аудару түріндегі көмегі. Егер Топтың мемлекеттік субсидиялармен байланысты барлық байланысты талаптарды орындаудына және аталған субсидияларды алатынана негізіде сенім болмаса, мемлекеттік субсидиялар танылмайды. Өтеуді талап етуі мүмкін талаптар болған кезде, субсидиялар міндеттемелердің құрамында танылады.

Мемлекет акционер ретінде әрекет етпейтін жағдайларда, нарықтық сыйақыдан төмен сыйақы мөлшерлемесі бойынша мемлекеттік қарызы ауданан түсінбейтін мемлекеттік субсидия ретінде есепке алынады. Нарықтық мөлшерлемеден төмен сыйақы мөлшерлемесінен түсінбейтін пайда қарызы ауданан түсінбейтін баланстық құны мен түсіндер сомасы арасындағы айырмада танылады.

Топ орнын толтыру үшін субсидия қаражаты арналған тиісті шығындарды шығыстар ретінде танитын кезеңдер ішінде мемлекеттік субсидиялар жүйелі негізде пайда немесе залал құрамында танылады.

Қаржылық жалгерлік мәмілелерін қаржыландыруға бағытталатын қаражатты алу кезінде мемлекеттік субсидия жүйелі негізде кіріс ретінде танылады және нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша нарықтық мөлшерлеме бойынша есептелген сыйақының теріс әсерін өтейді. Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте мемлекеттік субсидиялар бойынша мұндай кірістер тиісті пайыздық шығыстарды азайтады.

**Отімділік тәртібімен қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің балтарын ұсыну**

Топта накты анықталған операциялық цикл жок, сондыктan Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қысқа және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерді бөлек ұсынбайды. Онын орнына активтер мен міндеттемелер 27-ескертпеде күтілетін өтеу мерзімдері бойынша ұсынылады.

**Консолидация процесінде алынып тасталатын операциялар**

Топ катысуышылары арасындағы операциялар, осындағы операциялар бойынша берешектің калдықтары, сондай-ақ аталған операцияларды жасау процесінде туындаудың іске асырылмаған пайда шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау процесінде алып тасталады. Иске асырылмаған залалдар құнсыздану белгілерінің пайда болу жағдайларын қоспағанда, пайдамен бірдей шоғырландырылған қаржылық есептіліктен шығарылады.

**Жалға алу****Пайдалану құқығы нысанындағы актив**

Топ активтерді жалдау басталған күнгі пайдалану құқығы түрінде таниды (яғни базалық актив пайдалануға кол жетімді болатын күн). Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелердің кайта бағалауға түзетумен жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергенде бастаның құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастаның құнына жалдау бойынша танылған міндеттемелердің шамасы, жалдау басталған күні немесе осындағы күнге дейін жүргізілген бастаның тікелей шығындар мен жалдау төлемдері, алынған жалдау бойынша ынталандыру төлемдерін шегергенде жатады. Егер Топ жалдау мерзімінің сонында жалға алынған активке меншік құқығын алатындығына жеткілікті сенімділікке ие болмаса, танылған пайдалану құқығы түріндегі актив келесі кезеңдердің қысқа мерзімінде сыйықтық әдіспен амортизацияланады: активтің болжамды пайдалы қызмет мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ**

**мың теңгемен**

***Жалға алу бойынша міндеттемелер***

Жалға алу басталған күні Топ жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін таниды. Жалға алу төлемдеріне кез келген ынталандырушы жалдау төлемдерін шегергендегі тұракты төлемдер (соның ішінде мәні бойынша тіркелген төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге байланысты өзгермелі жалдау төлемдері және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленеді деп күтілетін сомалар кіреді. Жалға алу төлемдеріне, егер Топтың осы опционды орындастынына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционының ереуіл бағасы және жалдау мерзімі Топтың жалға алуғы тоқтату опционының ықтимал орындалуын көрсетсе, жалдау ақысын төлеу кіреді. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалға алу төлемдері осындай төлемдерді жүзеге асыруға әкелетін оқиға немесе талап туындаған кезеңдегі шығындар ретінде танылады.

Жалға алу төлемдерінің келтірінді құнын есептеу үшін, егер жалға алу шартында белгіленген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, Топ жалға алу басталған күні қосымша қаржаттарын тарту мөлшерлемесін колданады. Жалға алу басталған күннен кейін пайыздарды есептеуді көрсету үшін жалға алу бойынша міндеттемелердің шамасы ұлғаяды және жүзеге асырылған жалға алу төлемдерін көрсету үшін азаяды. Сонымен қатар, жалға алу мерзімі өзгертилген, жалдау мерзімдері өзгерген, тиянакталған жалға алу төлемдерінің мәні өзгерген немесе базалық активті сатып алуға арналған опционды бағалау өзгерген жағдайда, жалға алу бойынша міндеттеменің баланстық құнына қайта бағалау жүргізіледі.

***Қысқа мерзімді және құны төмен активтерді жалға алу***

Топ қысқа мерзімді жалға алуын қысқа мерзімді жалға алу шартына (яғни, жалға алу басталған күні көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға опционы жок шарттарға) қатысты танудан босатуды қолданады. Сондай-ақ, Топ құны төмен деп саналатын кеңе жабдықтарын жалға алу шарттарына құны төмен активтерді жалға алуға қатысты да танудан босатуды қолданады. Қысқа мерзімді жалға алу және құны төмен активтерді жалға алу бойынша жалға алу төлемдері жалға алу мерзімі ішінде сызықтық әдіспен жалға алу бойынша шығыстар ретінде танылады.

***Ұзартуга арналған шарттарда жалға алу мерзімдерін анықтау кезіндегі елеулі пайымдаулар***

Топ жалға алу мерзімін, егер оның орындалатынына жеткілікті сенімділік болса, жалдау мерзімін ұзартуға арналған опцион көзделген кезеңдермен немесе егер ол орындалмайтынына жеткілікті сенімділік болса, жалдау мерзімін ұзартуға арналған опцион көзделген кезеңдермен немесе егер ол орындалмайтынына жеткілікті сенімділік болса, жалдау мерзімін тоқтатуға арналған опцион көзделген кезеңдермен бірге мерзімін бұрын тоқтатуға жатпайтын жалдау кезеңі ретінде айқындаиды Топ жалдау мерзімін, егер оның орындалатынына жеткілікті сенімділік болса, жалдау мерзімін ұзартуға арналған опцион көзделген кезеңдермен немесе егер ол орындалмайтынына жеткілікті сенімділік болса, жалдау мерзімін тоқтатуға арналған опцион көзделген кезеңдермен бірге мерзімін бұрын тоқтатуға жатпайтын жалдау кезеңі ретінде айқындаиды.

***Қаржылық жалгерлік - Топ жалға беруші ретінде***

Топ жалға алу төлемдері бойынша дебиторлық берешекті жалға алу мерзімі басталған күннен бастап жалға таза инвестицияларға тен сомада көрсетеді. Қаржылық кіріс таза инвестициялардың баланстық сомасына кірістіліктің тұракты кезеңдік нормасын көрсететін схема бойынша есептеледі. Бастапқы тікелей шығындар жалға алу төлемдері бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасының кұрамында есепке алынады.

Жалгерлік, егер ол активке иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы беруді білдірсе, қаржылық жалгерлік (лизинг) ретінде жіктеледі.

Жалгерліктің қаржылық жалгерлік ретінде жіктелуі шарттың нысанына емес, мәміленің мазмұнына байланысты болады. Төменде жекелеп немесе жиынтықтап алғанда жалгерлікті қаржылық жалгерлік ретінде жіктелуіне әкелетін жағдайлардың мысалдары келтірілген жалдау ақысын қаржылық ретінде жіктеуге әкелетін жағдайлардың мысалдары келтірілген:

- 1) жалға алу шарты жалға алу мерзімінде сонында активке меншік құқығының жалға алушыға берілуін көздейді;
- 2) жалға алушының активті опционының орындалу күніндегі әділ құннан соншалық төмен болады деп күтілетін баға бойынша сатып алуға опционы бар, сондыктан жалдау катынастары басталған күнге осы опционының орындалуын жеткілікті сенімділікпен күтүге болады;
- 3) жалға алу мерзімі, меншік құқығы берілмесе де, активті экономикалық пайдалану мерзімінің едәуір бөлігін күрайды;
- 4) жалдау катынастары басталған күнге ең төменгі жалдау төлемдерінің келтірінді құны іс жүзінде базалық активтің әділ құнына тен; және

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ**

*мың теңгемен*

- 5) базалық активтің оны тек жалға алушы ғана айтартыктай өзгертусіз колдана алатын мамандандырылған сипаты бар.

ХКЕС (IFRS) 16 да жекелеп немесе жиынтықтан алғанда жалгерлікті қаржылық жалгерлік ретінде жіктеуге әкелуі мүмкін белгілерді анықтайды:

- 1) егер жалға алушының жалға алу шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқығы болса, онда жалға берушінің шартты бұзуға байланысты шығындары жалға алушыға жатады;
- 2) тарату құнын әділ бағалаудың ауытқуынан болған пайда немесе залал жалға алушыға есептеледі (мысалы, жалға алу мерзімінің соңында сатудан тұсken түсімдердің көп бөлігіне тең жалдау ақысынан жеңілдік түрінде); және
- 3) жалдау ақысы нарыктық деңгейден едәуір төмен болған кезде жалға алушының жалға аруды тағы бір мерзімге үзарту мүмкіндігі бар.

*Бастапқы бағалау*

Бастапқы бағалау кезінде Топ қаржылық жалға (лизингке) берілген жалдау (лизинг) заттарын жалға (лизинг) берілетін таза инвестицияға тең сомада дебиторлық берешек ретінде таниды.

Бастапқы тану жалға алушымен жалдау (лизинг) нысанасын қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күні жүзеге асырылады. Бұл ретте, жалға берілетін таза инвестициялар - бұл жалдау шартында көзделген пайыз мөлшерлемесі бойынша әділ құны бойынша дисконтталған жалға берілетін жалпы инвестиациялар.

Жалдау (лизинг) нысанасын сатып алуға байланысты бастапқы тікелей шығындар қаржылық жалгерлік (лизинг) бойынша дебиторлық берешекті бастапқы бағалауға қосылады).

Лизингтік төлемдерді лизинг алушылар қаржы лизингі шарттарына сәйкес кезеңділікпен жүзеге асырады. Жалға алу төлемдерін бөлу жасалған қаржы лизингі шарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржылық кірісті тану лизинг берушінің қаржылық жалгерлікке (лизингке) катысты өтелмеген, таза инвестиациясына келетін кірістің тұрақты кезеңдік нормасын көрсететін кестеге негізделуге тиіс. Егер қаржылық жалгерлік (лизинг) шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, сыйакыны есептеу жалдау (лизинг) мерзімінің басынан басталады.

Жалдау мерзімінің басы - лизинг алушы лизинг нысанасын пайдалану құқығын іске асыруға мүмкіндік алатын күн. Бұл жалға аруды бастапқы тану күні (яғни, лизинг алушының жалға алуға байланысты туындаитын тиісті активтерді, міндеттемелерді, кірістерді немесе шығындарды мойындауы).

*Тануды тоқтату*

Қалыптастырылған резервтер (провизиялар) есебінен қаржылық жалгерлік (лизинг) бойынша негізгі борышты, сыйакыларды және өзге де дебиторлық берешекті есептен шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- a) борышкер банкрот деп танылғанда және (немесе) борышкер сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен шығарылғанда;
- b) Топ борышкерде өндіріп алынуы мүмкін мүліктің болмауына байланысты, атқарушылық іс жүргізуі токтату және атқару парагын өндіріп алушыға кайтару туралы сот орындаушысының актісін алғанда. Бұл ретте, берешекті есептен шығару заңдық шектеулердің салдарынан банкроттық рәсімін қолдану мүмкін болмаган кезде ғана жүргізіледі.

Қаржылық жалдау (лизинг) шарттары бойынша комиссиялық сыйакылар алынуы мүмкін. Егер комиссиялық сыйакы қаржылық жалдау (лизинг) бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас болып табылса, онда мұндай комиссия қаржылық жалдау (лизинг) бойынша негізгі борыш сомасына дисконт ретінде танылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша кірістерге жатқызылады. Комиссиялық сыйакы шартта көзделген мерзімдерде төленуге тиіс.

Топ келесі екі талап сақталған жағдайда, қаржылық жалдау (лизинг) шартын өзгертуді жеке жалдау шарты ретінде есепке алады:

- 1) егер жалдау шарты бойынша активтер саны көбейсе; және
- 2) жалдау үшін өтемақы қолдану аясын ұлғайту үшін окшауланған сату бағасына сәйкес келетін мөлшерге, сондай-ақ белгілі бір шарттың мән-жайларын көрсететін осындаи окshaуланған сату бағасына тиісті түзетулерге ұлғаяды.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛККЕ****ТҮСІНДІРМЕ****мың теңгемен**

Егер қаржылық жалдау (лизинг) шартының модификациясы жеке жалдау шарты ретінде есепке алынбаса, онда Топ модификацияны ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес есепке алады.

Топ жалға алушы ретінде әрекет ететін қаржылық жалдау (лизинг) бойынша мәмілелер жасалған жағдайда, Топ мәмілелерді тану және бағалау мақсаттарында ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалгерлік» тиісті ережелерін басшылыққа алатын болады.

**Сегменттік есептілік**

Топтың бизнесі мен географиялық сегменттері осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі бөлек ұсынылмаған, өйткені Топ басшылығы кредит берудің негізгі операциялық сегменті Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы ұйымдары болып табылады, олар бойынша тәуекелдер мен кайтару дәрежесінде бүкіл ел бойынша ұқсас болып саналады деп есептейді. Топтың ресурстарын бөлу және оның қызметтінің нәтижелерін операциялық шешімдер қабылдайтын Қоғам басшылығының бағалауы туралы шешімдер қабылдау ХҚЕС сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептілікке негізделеді.

**Пайдалануға әлі қабылданбаған жаңа стандарттар мен түсініктемелер**

Бірқатар жаңа стандарттар мен түсініктемелер 2025 жылдың 1 кантарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен күшіне енеді. Алайда, Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгерілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшуді жузеге асырмады.

**ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептіліктегі акпаратты ұсыну және ашу»**

ХҚЕС (IFRS) 18 стандарты ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» стандартын алмастырады және 2027 жылғы 1 кантардан басталатын жылдық есептік кезеңдерге немесе осы күннен кейін қолданылатын болады. Жаңа стандарт келесі жаңа негізгі талаптарды енгізеді.

- Ұйымдар кірістер мен шығыстар туралы есепте барлық кірістер мен шығыстарды бес санат бойынша жіктеуі керек, атап айтканда: операциялық қызмет, инвестициялық қызмет, қаржы қызметі, тоқтатылған қызмет және табыс салығы. Ұйымдар стандартпен анықталған жаңа «операциялық пайда» аралық қорытындыны да ұсынуы керек. Ұйымдардың таза пайдасы өзгермейді.
- Басшылық айқындайтын тиімділік көрсеткіштері (MPM) қаржылық есептіліктегі бір жалпы ескертпеде ашылады.
- Қаржылық есептіліктегі акпаратты топтастыру бойынша кеңейтілген ұсынымдар берілді.

Сонымен қатар, барлық ұйымдарапша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте операциялық қызметтөн түстін ақша ағындарын жанама әдіспен ұсынған кезде операциялық пайданың аралық қорытындысын бастапқы нүктे ретінде пайдалануы керек.

Топ әлі де жаңа стандарттың әсерін бағалау процесінде, атап айтканда, Топтың кірісі немесе шығыны және басқа жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есептің құрылымына, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің құрылымына және басшылық анықтаған тиімділік көрсеткіштеріне қатысты талап етілетін косымша ашууларға қатысты. Сондай-ақ, Топ акпараттың шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі қалай топтастырылатынына, оның ішінде казіргі уақытта «басқалар» деп белгіленген макалаларға әсерін бағалауда.

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірuler Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- Айырбастау мүмкіндігінің болмауы (ХҚЕС (IAS) 21) стандартына түзетулер).
- Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау (ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7) стандарттарына түзетулер).

**4. Елеулі есептік пайымдаулар мен бағалаулар****Пайымдаулар мен бағалаулардың белгісіздігі**

Есеп саясатын қолдану барысында Топ басшылығы есептік бағалаудан басқа, шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі көрсетілген сомаларға айтарлықтай әсер ететін келесі пайымдаулар мен бағалауларды жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауларды қолданудың елеулі жағдайлары көлтірілген:

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ**

*мың теңгемен*

**Қаржы құралдарының әділ құны**

Егер қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерді қамтитын әртүрлі бағалау модельдерін қолдану арқылы анықталады. Мұндай модельдердің бастапқы деректері, егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде анықталады; әйтпесе, әділ құнды анықтау үшін пайымдауды колдану қажет. Қосымша акпарат 26-ескертпеде берілген.

**Қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдар**

Қаржылық активтердің барлық санаттары бойынша ХКЕС (IFRS) 9 сәйкес шығындарды бағалау пайымдауды қолдануды талап етеді, атап айтқанда, ККЗ анықтау және кредиттік тәуекелдің едәуір өсүін бағалау кезінде болашак ақша ағындарының пайда болу мөлшері мен мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есептік бағалау бірқатар факторларға байланысты, олардың өзгеруі құнсыздану үшін бағалау резервтерінің әртүрлі сомаларына әкелуі мүмкін. Қоғамның ККЗ есептеулери ауыспалы бастапқы деректердің және олардың өзара тәуелділіктерін тандауға катысты бірқатар негізгі жорамалдарды қамтитын құрделі модельдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдаулар мен есептік бағалаулар болып саналатын ККЗ есептеу модельдерінің элементтеріне мыналар жатады:

- кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғауы болғанын бағалау үшін Топ қолданатын өлшемшарттар, соның нәтижесінде қаржылық активтер бойынша құнсыздануға арналған бағалау резерві бүкіл мерзімдегі ККЗ тен сомада бағалануы керек және сапалық бағалау;
- қаржылық активтерді топтарға біріктіру, олар бойынша ККЗ топтық негізде бағаланғанда;
- әр түрлі формулаларды қоса алғанда, ККЗ есептеу модельдерін әзірлеу және бастапқы деректерді тандау;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланысты, сондай-ақ дефолт ықтималдығы қөрсеткіштеріне (PD), дефолт тәуекеліне ұшырағыш шамага (EAD) және дефолт кезіндегі ысырап деңгейіне (LGD) әсерді анықтау;
- болжамды макроэкономикалық сценарийлерді тандау және оларды ККЗ бағалау модельдері үшін экономикалық бастапқы деректерді алу ықтималдығын ескере отырып өлшеу.

*Қосымша акпарат 24-ескертпеде берілген.*

**Кепілмен қамтамасыз етуді бағалау**

Топ басшылығы нарықтағы ағымдағы жағдайды ескере отырып, кепілмен қамтамасыз ету құнын түзету үшін тәжірибеге негізделген пайымдауларды немесе тәуелсіз бағалауды пайдалана отырып, кепілмен қамтамасыз ету мониторингін тұрақты негізде жүзеге асырып отырады. Кепілмен қамтамасыз ету туралы қосымша акпарат 8-ескертпеде берілген.

**Мемлекеттік субсидиялар**

Топ басшылығы Қазақстан Республикасының Үкіметінен және жергілікті аткаруши органдардан, сондай-ақ мемлекетпен байланысты өзге де ұйымдардан белгілі бір номиналды мөлшерлемемен түпкілікті қарыз алушыларға белгілі бір мерзімге, қарыз алушылардың белгілі бір сегментіне қарыз беру сиякты орындауга қойылатын талаптардың болуы мәніне нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша қарыз алуды тарту бойынша барлық талаптарға талдауды жүзеге асырады. Мұндай талаптар болған жағдайда Топ міндеттемені мемлекеттік субсидия бойынша таниды. *Қосымша акпарат 7, 8, 11, 12, 13, 15 және 18-ескертпелерде берілген.*

**Салық салу**

Қазіргі уақытта Қазақстанда негізгі салық мәселелерін реттейтін бірыңғай Салық кодексі қолданылады. Қолданыстағы салықтарға қосылған құн салығы, корпоративті табыс салығы, әлеуметтік және басқа салықтар кіреді. Көбінесе, нормативтік-құқықтық актілерді қолдану жөніндегі аткаруши өкімдер түсініксіз немесе мүлдем болмайды, және шамалы прецеденттер анықталды. Ведомстволар арасында да, бір ведомство ішінде де ережелерді заң тұрғысында түсініруге катысты әртүрлі пікірлер жиі кездеседі, бұл кейір белгісіздіктер мен қактығыс жағдайларын тудырады. Салық декларациялары, сондай-ақ заңдық реттеудің өзге де салалары (мысалы, кедендей және валюталық бақылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппулдар, өсімпұлдар мен тұраксыздық айыбын салуға құқығы бар бірнеше ведомстволардың бақылауында. Мұндай жағдай, мысалы, салық заңнамасының неғұрлым дамыған жүйелері бар басқа елдерге карағанда, Қазақстанда салық тәуекелдерінің үлкен ықтималдылық дәрежесін тудырады.

Басшылық Топ өзінің қызметтің реттейтін Қазақстан Республикасы салық заңнамасының ережелерін ұстанады деп есептейді. Алайда, тиісті органдардың даулы салық мәселелеріне катысты басқа позицияларды алу тәуекелі әлі де қалып отыр.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ***мын төңгемен***Бағалауға арналған база**

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік накты шығындар бойынша есепке алу қагидатына сәйкес дайындалды.

**5. Салыстырмалы көрсеткіштердің өзгеруі**

Топ қаржылық жалға беруге арналған мүлікті жеткізу шарттары бойынша ұтылған пайданы өтеу бойынша кірістер жіктелімін өзгертті. Бұрын мұндай кірістер басқа кірістердің бөлігі ретінде ұсынылған. Қазіргі уақытта олардың экономикалық мәнін ескере отырып, Топ ұтылған пайданы өтеу бойынша кірістерді қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша пайыздық кірістер кұрамында жіктеу туралы шешім қабылдады.

Төмендегі кестеде осы өзгерістердің Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсері туралы ақпарат берілген.

<i>Алдыңғы кезеңдегі есептілікке сәйкес</i>	<i>Коріністің өзгеруі</i>	<i>Өзгерістерден кейін</i>
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп</b>		
<b>Өзге пайыздық кірістер</b>		
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	65,116,320	751,180
Барлық басқа пайыздық кірістер	216,280,932	751,180
Таза пайыздық кіріс	104,061,273	751,180
<b>Кредиттік шығындар бойынша шығыстарды шегергендері таза пайыздық кіріс</b>	52,686,707	751,180
Басқа кірістер, нетто	12,625,624	(751,180)
<b>Пайыздық емес шығыстар</b>	(11,643,552)	(751,180)

<i>Алдыңғы кезеңдегі есептілікке сәйкес</i>	<i>Коріністің өзгеруі</i>	<i>Өзгерістерден кейін</i>
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп</b>		
<b>Операциялық қызметтен ақша ағындары</b>		
Алынған пайыздар	153,193,119	751,180
Басқа операциялық шығыстар, нетто	(3,413,915)	(751,180)

**6. Ақшалай қаражат және оның баламалары**

Ақшалай қаражат және оның баламалары мыналарды камтиды:

	<i>2024 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>
«Кері РЕПО» операциясы	341,926,703	72,478,190
Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары	69,188,200	84,454,127
Басқа банктердегі «овернайт» депозиттері	19,660,083	8,198,620
«КР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіндегі (бұдан ері – «PMM») ағымдағы шоттағы ақшалай қаражат	19,652	3,862,244
<b>Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтер</b>	<b>430,794,638</b>	<b>168,993,181</b>
<b>Ақша қаражаттары және олардың баламалары</b>	<b>(10,849)</b>	<b>(4,252)</b>
	<b>430,783,789</b>	<b>168,988,929</b>

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары мерзімі өткен болып табылмайды және кредиттік тәуекел деңгейінің 1-кезеңіне жатады (2023 жылғы 31 желтоқсан: мерзімі өткен болып табылмайды және кредиттік тәуекел деңгейінің 1-кезеңіне жатады).

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ****мың теңгемен**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламаларын қалдықтарының кредиттік сапасы «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің немесе «Standard & Poor's» шкаласы бойынша айырбасталған басқа агенттіктердің рейтингтері негізінде ұсынылуы мүмкін:

<b>2024 жылғы 31 желтоқсан</b>					
<b>«ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті» РММ-гі ағымдағы шоттар</b>	<b>РММ-гі ағымдағы шот</b>	<b>Басқа банктердегі депозиттер</b>	<b>Және «өвернайт»</b>	<b>«Кері репо» операциялары</b>	<b>Жиыны</b>
Мерзімі өтпеген					
- «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ-гі ағымдағы шоттағы ақшалай қаражат (берілген кредиттік рейтингі жок)	-	19,652	-	-	19,652
- BBB- бастап BBB+ дейінгі рейтингі бар	25,825,830	-	527,448	-	26,353,278
- BB- бастап BB+ дейінгі рейтингі бар	39,857,531	-	19,132,405	-	58,989,936
- B- бастап B+ дейінгі рейтингі бар	1,740	-	-	-	1,740
- без присвоенного кредитного рейтинга	3,503,099	-	230	341,926,703	345,430,032
<b>Қолма-қол ақша қаражатын қоспағанда, құнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейінгі ақша қаражаты мен олардың баламаларының жиыны</b>	<b>69,188,200</b>	<b>19,652</b>	<b>19,660,083</b>	<b>341,926,703</b>	<b>430,794,638</b>
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(2,937)	-	(813)	(7,099)	(10,849)
<b>Қолма-қол ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражаты мен олардың баламаларының жиыны</b>	<b>69,185,263</b>	<b>19,652</b>	<b>19,659,270</b>	<b>341,919,604</b>	<b>430,783,789</b>
<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>					
<b>«ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті» РММ-гі ағымдағы шот</b>	<b>РММ-гі ағымдағы шот</b>	<b>Басқа банктердегі депозиттер</b>	<b>Және «өвернайт»</b>	<b>«Кері репо» операциялары</b>	<b>Жиыны</b>
Мерзімі өтпеген					
- «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ-гі ағымдағы шоттағы ақшалай қаражат (берілген кредиттік рейтингі жок)	-	3,862,244	-	-	3,862,244
- ҚРУБ	5,000,000	-	-	-	5,000,000
- BBB- бастап BBB+ дейінгі рейтингі бар	38,579,378	-	2,060,634	-	40,640,012
- BB- бастап BB+ дейінгі рейтингі бар	40,874,285	-	6,137,237	-	47,011,522
- берілген кредиттік рейтингі жок	464	-	749	72,478,190	72,479,403
<b>Қолма-қол ақша қаражатын қоспағанда, құнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейінгі ақша қаражаты мен олардың баламаларының жиыны</b>	<b>84,454,127</b>	<b>3,862,244</b>	<b>8,198,620</b>	<b>72,478,190</b>	<b>168,993,181</b>
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(2,460)	(42)	(307)	(1,443)	(4,252)
<b>Қолма-қол ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражаты мен олардың баламаларының жиыны</b>	<b>84,451,667</b>	<b>3,862,202</b>	<b>8,198,313</b>	<b>72,476,747</b>	<b>168,988,929</b>

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛККЕ****ТҮСІНДІРМЕ****мың теңгемен**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы шоттағы, берілген кредиттік рейтингі жоқ ақша қаражаттарының қалдығы «Ситибанк Казахстан» АҚ-ғы және «Қазпошта» АҚ-ғы қалдықтарды қамтиды: (2023 жылғы 31 желтоқсан: «Ситибанк Казахстан» АҚ және «Қазпошта» АҚ).

2024 жылғы 31 желтоқсанға Топ Қазақстан қор биржасында «кері репо» мәмілелерін жасасты, осы мәмілелер бойынша қамтамасыз ету ретінде 341,847,107 мың теңгені құрайтын Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық вексельдері, «Қазақстанның тұрақтылық қоры» АҚ және Еуразиялық даму банкінің борыштық облигациялары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары болып табылды. «Кері репо» шарттары бойынша баланстық құны есепті күнге 341,919,604 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны 72,467,012 мың теңге; баланстық құны - 72,476,747 мың теңге). 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл мәмілелердің баланстық құны Топтың меншікті капиталының 10.00% астамын құрайды.

Топтың банкте ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жалпы сомасы меншікті капиталының 10.00% - дан астамын құрайтын шоттары жоқ (2023 жылғы 31 желтоқсан: жоқ).

**7. Банктерге берілген кредиттер**

Екінші деңгейдегі банктерге берілген кредиттер  
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв  
Банктердегі қаражаттар

	<b>2024 жылғы</b> <b>31 желтоқсан</b>	<b>2023 жылғы</b> <b>31 желтоқсан</b>
	78,507,796	29,586,359
	(166,467)	(10,451)
	<b>78,341,329</b>	<b>29,575,908</b>

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктерге берілген кредиттер мерзімі өткен болып табылмайды және кредиттік тәуекелдің 1-кезеңіне жатады (2023 жылғы 31 желтоқсан: мерзімі өткен болып табылмайды және кредиттік тәуекелдің 1-сатысына жатады).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктерге берілген кредиттердің кредиттік сапасы «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің немесе «Standard & Poor's» шкаласы бойынша айырбасталған басқа агенттіктердің рейтингтері негізінде ұсынылуы мүмкін:

Мерзімі өтпеген  
- BBB – бастап BBB+ дейінгі рейтингі бар  
- BB – бастап BB+ дейінгі рейтингі бар  
- B – бастап B+ дейінгі рейтингі бар  
  
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв  
Банктерге берілген кредиттер

	<b>2024 жылғы</b> <b>31 желтоқсан</b>	<b>2023 жылғы</b> <b>31 желтоқсан</b>
	61,164,090	27,209,261
	7,939,818	2,377,098
	9,403,888	-
	<b>78,507,796</b>	<b>29,586,359</b>
	(166,467)	(10,451)
	<b>78,341,329</b>	<b>29,575,908</b>

2024 жыл ішінде көктемгі дала жұмыстарын жүргізуі қолдауға бағытталған жыл сайынғы «Кең-Дала» мемлекеттік бағдарламасы шенберінде Топ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на жалпы сомасы 52,177,500 мың теңгеге және «Банк ЦентрКредит» АҚ-на жалпы сомасы 4,000,000 мың теңгеге нарықтық мөлшерлемеден төмен жылдық 1.50% пайыздық мөлшерлеме бойынша және тен үлестермен 2025 жылғы 1 наурызда берешекті өтөу мерзімімен кредит берді. Топ 4,630,496 мың теңге мөлшеріндегі дисконтты (18-ескертпе) нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал ретінде және 4,156,770 мың теңге мөлшеріндегі дисконт амортизациясынан пайыздық кірісті пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте басқа шығыстардың және банктерге берілген кредиттер бойынша пайыздық кірістер құрамында таныды. Топ шарттар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы бастапқы тану кезінде жоғарыда аталған кредиттердің әділ құныны бағалау үшін жылдық 12.98%-дан 15.15%-ға дейінгі есептік нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолданды.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛКЕ****ТҮСІНДІРМЕ****мың теңгемен**

2024 жыл ішінде көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге қолдау көрсетуге бағытталған жыл сайынғы «Кең-Дала 2» мемлекеттік бағдарламасы шенберінде Топ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на жалпы сомасы 49,322,500 мың теңгеге, «Банк ЦентрКредит» АҚ-на жалпы сомасы 4,350,000 мың теңгеге және «Фридом Банк Казахстан» АҚ-на жалпы сомасы 11,900,000 мың теңгеге нарықтық мөлшерлемеден төмен жылдық 1.50% мөлшерлеме бойынша және 2025 жылғы 1 наурызда, 2026 жылғы 1 наурызда және 2026 жылғы 10 наурызда тен үлестермен берешекті өтеу мерзімімен, кредит берді. Топ 5,992,000 мың теңге мөлшеріндегі дисконтты (18-ескертпте) нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал ретінде және 1,775,237 мың теңге мөлшеріндегі дисконт амортизациясынан пайыздық кірісті пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте басқа шығыстардың және банктерге берілген кредиттер бойынша пайыздық кірістердің құрамында таныды. Топ шарттар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконтау арқылы бастапқы тану кезінде жоғарыда аталған кредиттердің әділ құнын бағалау үшін жылдық 13.66%-дан 15.97%-ға дейінгі есептік нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолданды.

2024 жылғы желтоқсанда тамақ өнімдерін өндіру саласын және/немесе қайта өндіре өнеркәсібін (ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндіре) қолдауға бағытталған жыл сайынғы «Агробизнес (облигациялық)» мемлекеттік бағдарламасы шенберінде Топ «Berieke Bank» АҚ-на жалпы сомаға 3,000,000 мың теңге және «Банк ЦентрКредит» АҚ жалпы сомасы 3,833,750 мың теңге нарықтық мөлшерлемеден төмен жылдық 1.50% мөлшерлеме бойынша және 2025 жылғы 10 тамызда тен үлестермен берешекті өтеу мерзімімен кредит берді. Топ 349,504 мың теңге мөлшеріндегі дисконтты (18-ескертпте) нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал ретінде және 2,082 мың теңге мөлшеріндегі дисконт амортизациясынан пайыздық кірісті пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте банктерге берілген кредиттер бойынша пайыздық кірістер құрамында таныды. Топ шарттар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконтау арқылы бастапқы тану кезінде жоғарыда аталған кредиттердің әділ құнын бағалау үшін жылдық 13.92% - дан 14.62% - га дейінгі есептік нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолданды.

2023 жыл ішінде көктемгі дала жұмыстарын жүргізуді қолдауға бағытталған жыл сайынғы «Кең-Дала» мемлекеттік бағдарламасы шенберінде Топ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на жалпы сомасы 56,000,000 мың теңгеге және «Банк ЦентрКредит» АҚ-на жалпы сомасы 4,861,311 мың теңгеге нарықтық мөлшерлемеден төмен жылдық 1.50% мөлшерлеме бойынша және 2023 жылғы 24-27 қарашада және 2024 жылғы 1 наурызда тен үлестермен берешекті өтеу мерзімімен кредит берді. Топ 6,765,769 мың теңге мөлшеріндегі дисконтты (18-ескертпте) нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал ретінде және 6,038,656 мың теңге мөлшеріндегі дисконт амортизациясынан пайыздық кірісті пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте банктерге берілген кредиттер бойынша пайыздық кірістер құрамында таныды. Топ шарттар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконтау арқылы бастапқы тану кезінде жоғарыда аталған кредиттердің әділ құнын бағалау үшін жылдық 16.28%-дан 18.42%-ға дейінгі есептік нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолданды.

Мемлекеттік субсидиялар	612,455	(29,579)	-	582,876 118,597
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	89,371	62,089	-	151,460 411,754
Каржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек				
Кейінге калдырылған корпоративтік табис салыны бойынша активтер	<b>35,894,205</b>	<b>(7,662,271)</b>	<b>-</b>	<b>28,231,934</b>
				<b>2,389,941</b>
				<b>- 30,621,875</b>
<b>Салык салынатын уақыт айырмашылықтарының салыстық эсері</b>				
Акционер алдындағы бершек	(24,300,202)	1,447,384	(53,951)	(22,852,818)
Мемлекеттік және бюджеттік үйымдар, Үкімет алдындағы бершек	(18,422,108) (182,128) (5,338,164)	2,640,421 (3,992) (3,236,367)	- (15,781,687) (186,120) (8,574,531)	4,371,007 166,089 506,498
Негізгі қурапалдар және материалдық емес активтер				
Кредиттік үйымдардың қаржагаттары				
Кейінге калдырылған корпоративтік табис салыны бойынша міндettемелер	<b>(48,242,602)</b>	<b>847,446</b>	<b>(53,951)</b>	<b>(47,395,156)</b>
Кейінге калдырылған корпоративтік табис салыны бойынша таза активтер(міндettемелер)	<b>(12,348,397)</b>	<b>(6,814,825)</b>	<b>(53,951)</b>	<b>(19,163,222)</b>
				<b>8,809,189</b>
				<b>- (10,354,033)</b>

Корпоративтік табис салыны бойынша кейінге калдырылған активтер тек есебінен актив пайдаланылуы мүмкін, болашактағы салык салынатын пайданың коллежітімді болу бықтамалдығы бар көлемдеған танылады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ**

мың теңгемен

**18. Мемлекеттік субсидиялар**

	<i>2024 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>
Агробизнесті дамыту бағдарламасы шенберінде мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан және Акционерден қарыз түрінде Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған мемлекеттік субсидиялар	91,960,531	63,147,121
Қарыз алушыларға берілген қарыз бойынша негізгі борыш пен пайыздарды ішінәра субсидиялау үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен алынған мемлекеттік субсидиялар	2,439,935	3,105,769
<b>Мемлекеттік субсидиялар</b>	<b>94,400,466</b>	<b>66,252,890</b>

*Үкіметтөн алынған мемлекеттік субсидиялар*

Топ мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан тартылған қарыздар бойынша төмен пайыздық мөлшерлеме арқылы берілген пайданың сомасын мемлекеттік субсидиялар ретінде көрсетті.

	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
<b>1 қантарға</b>	<b>63,147,121</b>	<b>61,649,385</b>
Каржы министрлігінен қарыз түрінде Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған мемлекеттік субсидиялар (12-ескертпте)	19,955,981	27,620,548
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздардың сыйақысы бойынша шығындарды етеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған мемлекеттік субсидиялар (15-ескертпте)	89,615,311	–
Мемлекеттік субсидияны «Кен-Дала 2» бағдарламасы шенберінде клиенттерге-қарыз алушыларға кредит беру үшін пайдалану (8-ескертпте)	(26,770,262)	–
Мемлекеттік субсидияны «Кен-Дала 2» бағдарламасы шенберінде банктерге кредит беру үшін пайдалану (7-ескертпте)	(5,992,000)	–
Мемлекеттік субсидияны «Кен-Дала» мемлекеттік бағдарламасы шенберінде клиенттерге-қарыз алушыларға кредит беру үшін пайдалану (8-ескертпте) (өтелетін болігі)	(11,285,940)	(13,431,629)
Мемлекеттік субсидияны «Кен-Дала» мемлекеттік бағдарламасы шенберінде банктерге кредит беру үшін пайдалану (7-ескертпте)	(4,630,496)	(6,765,769)
Мемлекеттік субсидияны шығарылған борышкерлік бағалы қағаздардың сыйақысы бойынша шығындарды етеуге пайдалану (15-ескертпте)	(8,603,211)	–
Талаптарды езгерту түрінде «Өнеркәсіпті дамыту коры» АҚ қарыздары бойынша мемлекеттік субсидиялар (14-ескертпте)	(2,074,623)	–
Мемлекеттік субсидияны «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» және Еңбек мемлекеттік бағдарламасы шенберінде клиенттерге-қарыз алушыларға кредит беру үшін пайдалану (8-ескертпте)	(2,191,895)	(2,750,618)
Мемлекеттік субсидияны «Агробизнес» мемлекеттік бағдарламасы шенберінде клиенттерге-қарыз алушыларға кредит беру үшін пайдалану (8-ескертпте)	(1,812,718)	–
Мемлекеттік субсидияны Нәтижелі жұмысты және жаппай кәскерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – «Іскер») шенберінде клиенттерге-қарыз алушыларға кредит беру үшін пайдалану (8-ескертпте)	(1,162,301)	(4,210,928)
Жергілікті атқарушы органдардан қарыз түрінде Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған мемлекеттік субсидиялар (13-ескертпте)	203,740	823,769
Кредиттік ұйымдардың қаражатынан алынған мемлекеттік субсидиялар (14-ескертпте)	–	16,846,775
Каржы министрлігінен қарыздарды модификациялау түрінде Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған мемлекеттік субсидиялар (12-ескертпте)	–	3,061,822
Мемлекеттік субсидияны «Агробизнес» бағдарламасы шенберінде банктерге кредит беру үшін пайдалану (7-ескертпте)	(349,504)	–
Мемлекеттік субсидияны Холдингтен алынған қарыздар шенберінде клиенттерге-қарыз алушыларға кредит беру үшін пайдалану (8-ескертпте)	(718)	(2,478,012)
«Өнеркәсіпті дамыту коры» АҚ қарыздары бойынша кезендегі амортизация	(1,027,148)	(354,661)
Кезендегі амортизация (22-ескертпте)	(15,060,806)	(16,863,561)
<b>Мемлекеттік субсидиялар</b>	<b>91,960,531</b>	<b>63,147,121</b>

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ****мың теңгемен**

Қаржы министрлігінен қарыз түрінде Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған мемлекеттік субсидиялар Мемлекеттік субсидия бойынша міндettеме бастапқы танылғаннан кейін, Топ пайда немесе залал құрамына мемлекеттік бағдарламалардың талаптарын орындағаннан кейін, қарыз алушыларға берілген жеңілдіеті талаптарда берешек сомасына сәйкес келетін соманы жатқызды (7, 8-ескертпелер). Топ кредиттер бойынша төмен сыйақы мөлшерлемесі арқылы түпкілікті қарыз алушыларға пайданы бөлу міндettемесін көтереді.

2024 жыл ішінде пайда немесе залал құрамына ауыстырылған мемлекеттік субсидиялар (22-ескертте) 69,256,640 мың теңгіні құрады және «басқа кірістер/шығыстарға» енгізілген болатын (2023 жыл ішінде: 46,500,517 мың теңге). 11,704,982 мың теңге мөлшеріндегі калған белгілі пайда немесе залал туралы және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тиісті пайыздық шығыстарды азайту жолымен танылған болатын (2023 жыл ішінде: 354,661 мың теңге).

2023 жылы Топ «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ отандық өндірістің өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингі бағдарламасын қаржыландыру максатында, төмен сыйақы мөлшерлемесі (шарт бойынша пайыздық мөлшерлеме 0.35%) бойынша беруі нәтижесінде алынған 16,846,775 мың теңге мөлшеріндегі пайданы мемлекеттік субсидиялар ретінде танылды.

Пайдалар лизинг алушыларға жеңілдікті мөлшерлемелер бойынша олармен қаржы лизингі шарттарын жасасу жолымен берілетін болады. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-нан алынған қарыздар бойынша субсидиялардың амортизациясы пайда немесе залал және басқа дыннық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тиісті пайыздық шығыстарды азайту жолымен танылады

2024 жылғы қантарда Топ қарыз шартының қолданылу мерзімін азайту белгінде қосымша келісім жасасты, соған байланысты, мемлекеттік субсидия мөлшері 2,074,623 мың теңге сомага кеміді (14-ескертте).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бекітілген Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидаларына сәйкес мойындалған шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақымен байланысты шығыстарды жабуға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған мемлекеттік субсидияға қатысты, Қоғамның 37,615,232 мың теңге мөлшерінде мемлекеттік субсидиялар бойынша дебиторлық берешегі бар.

**Ауыл шаруашылығы министрлігінен алынған мемлекеттік субсидиялар**

	<b>2024 жыл</b>	<b>2023 жыл</b>
<b>1 қантарға</b>	<b>3,105,769</b>	<b>3,173,708</b>
Кезең үшін алынды	21,108,754	16,381,165
Ауыл шаруашылығы министрлігіне кайтарылды/ерекше талаптарды орындаған нақты қарыз алушыларға берілді	(9,235,989)	(6,606,995)
Ерекше талаптарды орындаған нақты қарыз алушылардың есептелген пайыздары бойынша берешекті есепке алу жолымен субсидияларды пайдалану	(12,538,599)	(9,842,109)
<b>31 желтоқсанға</b>	<b>2,439,935</b>	<b>3,105,769</b>

Ауыл шаруашылығы министрлігінен алынған мемлекеттік субсидиялар инвестициялық жобаларға және жаңа немесе бұрын пайдаланылған техника мен жабдықтарды сатып алуға кредит алған қарыз алушылардың негізгі борыш сомасы пен пайыздарын ішінана етеу үшін пайдаланылады. Бұл субсидияларды алу үшін қарыз алушылар белгілі бір талаптарды орындауға тиіс.

**19. Меншікті капитал****Акционерлік капитал**

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қоғамның тіркелген және шығарылған жай акцияларының саны 427,059,079 дананы құрайды, олар толығымен Жалғыз акционермен төленген болып табылады.

2023 жылғы маусымда Акционердің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 23/23 шешіміне сәйкес, 20,000,000 дана мөлшерінде қосымша шығару арқылы Топтың жарияланған жай акцияларының саны көбейтілген. Осылайша, 2023 жылғы шілдеде Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 10 шілдедегі №7 шешіміне сәйкес, Топ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан нысаналы трансферт есебінен кейіннен лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын, жем-шөп дайындау техникасы мен мобильді суару жүйелерін сатып алуды қаржыландыру үшін Еншілес Компанияның жарғылық капиталын кейіннен ұлғайта отырып, Акционердің басымдықпен сатып алу құқығын сату жолымен бір жай акцияға 1 мың теңге орналастыру бағасы бойынша, жарияланған акциялардың шегінде 20,000,000 жай акцияны орналастырды.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**ҚАРЖЫЛЫҚ**

**ЕСЕПТІЛІККЕ**

**ТҮСІНДІРМЕ**

*мың теңгемен*

*Резервтік капитал*

2024 жыл ішінде Топ резервтік капиталды 8,864,130 мың теңгеге (2023 жыл ішінде: резервтік капиталдың ұлғаюы 5,858,144 мың теңгеге болды) ұлғайты. Топтың саясатына сәйкес, резервтік капитал болашақ залалдар мен басқа да күтпеген тәуекелдер мен жағдайларды қоса алғанда, жалпы тәуекелдерді жабу үшін қалыптастырылады. Резервтік капитал Акционердің шешімі негізінде белінуге жатады.

*Дивидендтер*

2024 жыл ішінде Жалғыз акционердің 2024 жылғы 30 мамырдағы шешіміне сәйкес, Топ 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға 20,691,012 мың теңге сомасына дивиденд жариялады немесе бір жай акцияға жылына 48.45 теңге. Дивидендтер 2024 жылғы 20 маусымда төленген болатын.

2023 жыл ішінде Жалғыз акционердің 2023 жылғы 31 мамырдағы шешіміне сәйкес, Топ 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 13,677,185 мың теңге сомасына дивиденд жариялады немесе бір жай акция үшін 33.60 теңге. Дивидендтер 2023 жылғы 31 шілдеде төленген болатын.

Төменде Қазакстан кор биржасының әдіснамасына сәйкес есептелген бір жай акцияның баланстық құны көлтірілген:

	<i>2024 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>
Активтер	1,991,240,427	1,412,101,316
Материалдық емес активтерді шегергенде	(790,858)	(874,935)
Міндеттемелерді шегергенде	(1,500,726,291)	(961,252,774)
<b>Таза активтер</b>	<b>489,723,278</b>	<b>449,973,607</b>
Жай акциялардың саны, дана	427,059,079	427,059,079
<b>Бір жай акцияның баланстық құны (тенгемен)</b>	<b>1,146.73</b>	<b>1,053.66</b>

**20. Кредиттік залалдар бойынша шығындар**

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ бойынша шығыстар көлтірілген:

<i>Ескерт- пе</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СККҚ</i>	<i>Жиыны</i>
Ақша қаражат және оның баламалары	6	6,597	—	—	6,597
Кредиттік ұйымдардың қаражаттары		22	—	—	22
Банктеге берілген кредиттер	7	156,016	—	—	156,016
Клиенттерге берілген кредиттер	8	(14,411,219)	(3,747,073)	26,545,498	3,106,343
Инвестициялық бағалы қағаздар		(54,825)	—	—	(54,825)
Өзге қаржылық активтер	10	—	(4,071)	1,831,372	—
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	9	700,224	3,912,409	23,912,520	20,662
Кредит беру бойынша міндеттемелер	23	(514,040)	—	—	(514,040)
<b>Кредиттік залалдар бойынша шығындар жиыны*</b>	<b>(14,117,225)</b>	<b>161,265</b>	<b>52,289,390</b>	<b>3,127,005</b>	<b>41,460,435</b>

\*Кредиттік залалдар бойынша шығыстардың шамасы пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген кредиттік залалдар бойынша шығыстардың жалпы сомасынан 3-кезеңнің активтері бойынша модификациядан болған залалдардың шамасына жалпы сомасы 13,048,424 мың теңгеге ерекшеленеді, ол клиенттерге берілген кредиттердің баланстық құнын түзетеді, өйткени олардың отелуі күтілмейді (8-ескертпе).

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ****мың теңгемен**

Төмөндегі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ бойынша шығыстар келтірілген:

<i>Ескертпеле</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СККҚ</i>	<i>Жиыны</i>
Акша қаражат және оның баламалары	(1,115)	—	—	—	(1,115)
Банктеге берілген кредиттер	(5,872)	—	—	—	(5,872)
Клиенттерге берілген кредиттер	8 659,616	10,794,757	10,147,186	3,908,830	25,510,389
Инвестициялық бағалы қағаздар	(4,064)	—	—	—	(4,064)
Әзге қаржылық активтер	11 —	60,935	1,908,702	—	1,969,637
Каржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	9 (1,201,066)	3,358,535	8,022,168	(2,768)	10,176,869
Кредит беру бойынша міндеттемелер	23 1,294,050	—	—	—	1,294,050
<b>Кредиттік залалдар бойынша шығындар жиыны</b>	<b>741,549</b>	<b>14,214,227</b>	<b>20,078,056</b>	<b>3,906,062</b>	<b>38,939,894</b>

\**Кредиттік залалдар бойынша шығындардың шамасы пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген кредиттік залалдар бойынша шығындардың жалты сомасынан 3-кезеңнің активтері бойынша модификациядан болған залалдардың амасына жалты сомасы 12,434,672 мың теңгеге ерекшеленеді, ол клиенттерге берілген кредиттердің жылты баланстық құнын түзетеді, өйткені олардың өтелуі күтілмейді (8-ескертпеле).*

**21. Персоналға арналған шығыстар және басқа да әкімшілік шығындар**

Персоналға арналған шығыстар мен басқа да операциялық шығыстарға келесі позициялар кіреді:

	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
Персоналға арналған шығыстар және басқа да төлемакылар	(13,283,168)	(11,357,017)
Әлеуметтік қамтамасыз етуге арналған шығындар	(1,659,665)	(1,231,481)
<b>Персоналға арналған шығындар</b>	<b>(14,942,833)</b>	<b>(12,588,498)</b>
Аутсорсингке арналған шығыстар	(2,548,150)	(1,697,737)
Үй-жайларды ұстаяу және жалға алу	(1,104,940)	(964,710)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге техникалық қызмет көрсету	(782,122)	(692,880)
Тозу және амортизация	(680,409)	(768,255)
Салыктар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер	(602,247)	(566,594)
Көрсетілетін көлік қызметтері бойынша шығыстар	(498,280)	(248,209)
Комиссиялық шығыстар	(405,171)	(61,505)
Іссапар шығыстары	(335,632)	(294,559)
Аудиторлық шығыстар	(269,446)	(206,800)
Көрсетілетін байланыс қызметтері	(183,690)	(200,214)
Маркетинг және жарнама	(182,487)	(158,862)
Консультациялық шығыстар	(153,148)	(157,520)
Көрсетілетін ақпараттық қызметтер	(99,935)	(66,000)
Кенсе және типография шығыстары	(89,787)	(142,200)
Персоналды оқыту	(75,556)	(103,077)
Материалдар	(64,824)	(93,223)
Директорлар кенесін ұстаяға арналған шығыстар	(30,319)	(29,753)
Көрсетілетін күзет қызметтеріне байланысты шығыстар	(56,513)	(41,675)
Кредиттік рейтинг беру бойынша шығыстар	(53,429)	(113,904)
Сактандыруға арналған шығыстар	(18,202)	(9,759)
Көрсетілетін банктік қызметтер	(9,806)	(13,322)
Басқалары	(325,598)	(353,871)
<b>Басқа операциялық шығындар</b>	<b>(8,569,691)</b>	<b>(6,984,629)</b>
	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
Жалпы әкімшілік шығыстар	(9,727,440)	(8,092,858)
Сату бойынша шығыстар	(13,785,084)	(11,480,269)
<b>Жиыны</b>	<b>(23,512,524)</b>	<b>(19,573,127)</b>

Консультациялық шығындардың құрамына 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы Топ аудиторымен байланысты компаниялармен көрсетілген аудиторлық емес қызметтердің құны енгізілген, ҚҚС есепке алғанда 14,560 мың теңге мөлшерінде.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ**

мың теңгемен

**22. Өзге кірістер, нетто**

	<b>2024 жыл</b>	<b>2023 жыл</b>
Мемлекеттік субсидияларды пайдаланудан түскен басқа кіріс (18-ескертпне)	54,195,834	29,636,956
Мемлекеттік субсидиялардың амортизациясы (18-ескертпне)	15,060,806	16,863,561
«Кен-Дала» бағдарламасы шенберінде банктерге берілген кредиттерді бастанапты тану кезіндегі залал (7-ескертпне)	(4,630,496)	(6,765,769)
«Кен-Дала» бағдарламасы шенберінде клиенттерге берілген кредиттерді бастанапты тану кезіндегі залал (8-ескертпне)	(11,285,940)	(13,431,629)
«Іскер» бағдарламасы шенберінде клиенттерге берілген кредиттерді бастанапты тану кезіндегі залал (8-ескертпне)	(1,162,301)	(4,210,928)
«Жұмыспен қамтуын 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» және «Еңбек» Бағдарламасы шенберінде клиенттерге берілген кредиттерді бастанапты тану кезіндегі залал (8-ескертпне)	(2,191,895)	(2,750,618)
«Кен-Дала 2» бағдарламасы шенберінде банктерге банктерге берілген кредиттерді бастанапты тану кезіндегі залал (7-ескертпне)	(5,992,000)	–
«Кен-Дала 2» бағдарламасы шенберінде клиенттерге берілген кредиттерді бастанапты тану кезіндегі залал (8-ескертпне)	(26,770,262)	–
«Агробизнес облигациялық» бағдарламасы шенберінде банктерге берілген кредиттерді бастанапты тану кезіндегі залал (7-ескертпне)	(1,812,718)	–
«Агробизнес облигациялық» бағдарламасы шенберінде клиенттерге берілген кредиттерді бастанапты тану кезіндегі залал (8-ескертпне)	(349,504)	–
Клиенттерге берілген басқа кредиттерді бастанапты тану кезіндегі залал (8-ескертпне)	(7,081,283)	(8,961,245)
Холдингтен альынған қарыз шенберінде клиенттерге берілген кредиттерді бастанапты тану кезіндегі залал (8-ескертпне)	(718)	(2,478,012)
Инвестициялық мұлікті сатудан түскен кіріс	5,753,937	–
Ауылдық ипотеке және Жастарға микрокредит беру бойынша агенттік сыйакы	539,148	736,467
Құнсызданудан және резервтер құрудан болған басқа шығындар	(154,647)	(476,175)
Басқа кірістер	2,354,354	3,711,836
<b>Басқа кірістер, нетто</b>	<b>16,472,315</b>	<b>11,874,444</b>

Мемлекеттік субсидияларды пайдаланудан түскен басқа кірістер тиісті мемлекеттік бағдарламалардың талаптарын орындау нәтижелері бойынша кірістер ретінде танылған болатын (18-ескертпне).

2024 жыл ішінде Топ баланстық құны 2023 жылғы 31 желтоксандығы жағдай бойынша 2,599,511 мың теңге құраған инвестициялық мұлікті сатудан түскен КҚС есепке алмағанда 5,753,937 мың теңге мөлшеріндегі кірісті мойындағы.

**23. Шарттық және шартты міндеттемелер****Салық салу**

Қазақстандық коммерциялық және, атап айтқанда, салық заңнамасында интерпретациясы өзгеріп тұруы мүмкін ережелер бар, кейбір жағдайларда заңнамаға жанама ретроспективті әсері бар өзгерістер енгізуі мүмкін. Сонымен қатар, Топ басшылығының заңнама ережелерін түсінуі осы ережелерді салық органдарының түсінуінен өзгеше болуы мүмкін, нәтижесінде, Топ жүргізген операцияларды салық органдары басқаша бағалауы мүмкін және бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге әкелуі мүмкін. Топ басшылығы барлық қажетті салық есептеулері жүргізілді деп санайды және, сәйкесінше, есептілікте ешқандай резервтер есептелмеген. Салық органдары соңғы 5 жылдағы салық салу бойынша деректерді тексерे алады. Топ басшылығы 2024 жылғы 31 желтоксандығы және 2023 жылғы 31 желтоксандығы жағдай бойынша, оның заңнаманы түсінуі келісті болып табылады және Топтың салық, валюта және кеден заңнамаларын сактау жөніндегі ұстанымдары расталатын болады деп есептейді.

**Зангерлік мәселелер**

Кәдімгі іс-әрекет барысында Топ сот талаптары мен наразылықтардың объектісі болып табылады. Басшылықтың пікірінше, мұндай талаптардың немесе наразылықтардың нәтижесінде туындастын ықтимал міндеттемелер (олар болған жағдайда) шоғырландырылған қаржы жағдайына немесе болашақта Топ қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай теріс әсер етпейді.

Басшылықта қандай да бір елеулі нақты немесе аяқталмаган сот процестері туралы, сондай-ак Топка карсы қойылуы мүмкін ықтимал талаптар туралы акпарат жок.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ**

*мың теңгемен*

**Кредиттік сипаттағы міндеттемелер**

Топтың шарттық және шартты міндеттемелеріне келесі позициялар кіреді:

	<i>2024 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>
<b>Кредиттік сипаттағы міндеттемелер</b>		
Карыз беру бойынша міндеттемелер	250,123,578	156,028,243
Каржылық жалгерлік беру бойынша міндеттемелер	6,190,406	14,621,791
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	<u>(1,635,507)</u>	<u>(2,149,547)</u>
	<b>254,678,477</b>	<b>168,500,487</b>
<b>Операциялық жалгерлік шарттары бойынша міндеттемелер</b>		
1 жылға дейінгі	78,895	51,919
<b>Шарттық және шартты міндеттемелер</b>	<b>254,757,372</b>	<b>168,552,406</b>

**Кредиттік сипаттағы міндеттемелер**

Жоғарыда көрсетілген жалпы өтелмеген шарттық міндеттемелер міндетті түрде болашақ ақшалай талаптарды білдірмейді, өйткені кредит берудің осы шартты міндеттемелерінің мерзімі аяқталуы мүмкін немесе олар орындалмай аяқталуы мүмкін.

Қарыздар мен каржылық жалгерлік ұсыну бойынша міндеттемелер туралы келісім Топ үшін қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ кредит беру үшін ресурстар болмаған жағдайда, Топтың келісімнен біржакты шығу құқығын қөздейді.

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша карыз беру міндеттемелері бойынша контрагенттер Топтың ағымдағы карыз алушылары, берілген кредиттік рейтингі жок, 1-кезеңге жіктелген және есепті күнге негізгі борыш пен пайыздарды төлеуден мерзімі өтіп кетпеген агроенеркәсіптік сектор кәсіпорындары болып табылады.

Төменде ККЗ арналған резерв өзгерістерінің талдауы келтірілген:

	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
	<i>1-кезең</i>	<i>1-кезең</i>
<b>Карыздар беру бойынша міндеттемелер</b>		
1 қантарға	2,149,547	855,497
Жыл ішіндегі ККЗ өзгеруі	<u>(514,040)</u>	<u>1,294,050</u>
<b>31 желтоқсанға</b>	<b>1,635,507</b>	<b>2,149,547</b>

**24. Тәуекелдерді басқару****Кіріспе**

Топтың қызметіне тәуекелдер тән. Топ аныктау, бағалау және байқау, сондай-ақ тәуекел лимиттерін және басқа да ішкі бақылау шараларын белгілеу бойынша тұрақты процес барысында тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Топтың тұрақты рентабельділігін сақтау үшін тәуекелдерді басқару процесінің зор маңызы бар және Топтың әрбір жеке қызметкері оның міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауап береді. Топ кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге ұшырайды. Сондай-ақ, Топ операциялық тәуекелдерге ұшырайды.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау процесі, мысалы, коршаған ортаның, технологияның өзгеруі немесе саланың өзгеруі сияқты қызмет жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Мұндай тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау процесінде Топ бақылайды.

**Тәуекелдерді басқару құрылымы**

Тәуекелдерді аныктау және бақылау үшін жалпы жауапкершілік Директорлар кеңесіне жүктеледі, алайда, тәуекелдерді басқару мен бақылауға жауапты жеке тәуелсіз органдар да бар.

**Директорлар кеңесі**

Директорлар кеңесі жалпы тәуекелдерді басқару тәсіліне, тәуекелдерді басқару стратегиясы мен қагидаттарын бекітуге жауапты.

**Басқарма**

Басқарманың міндеті - Топтағы тәуекелдерді басқару процесін бақылау.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ**

**мың теңгемен**

**Тәуекелдерді бақылау**

Тәуекел-менеджменті департаменті тәуелсіз бақылау процесін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқарумен байланысты рәсімдерді енгізу же жүргізуге, сондай-ақ тәуекелдерді басқару қагидаттарының, саясатының және Топтың тәуекел лимиттерінің сақталуын бақылауға жауапты. Тәуекел-менеджменті департаментінің құрамына екі құрылымдық бөлімше кіреді: қаржылық тәуекелдер бөлімі және кредиттік тәуекелдер бөлімі.

**Қазынашылық департаменті**

Топтың Қазынашылық департаменті Топтың активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржылық құрылымды басқаруға жауапты. Қазынашылық департаменті өтімділік тәуекелі мен Топтың қаржыландыру тәуекелі үшін де жауап береді.

**Ishki аудит қызметі**

Топта өтетін тәуекелдерді басқару процестерін жыл сайын ішкі аудит қызметі тексереді, ол процедуралардың жеткіліктілігін де, Топтың осы процедураларды орындауын да тексеріп отырады. Ишкі аудит қызметі басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылады және Топтың Басқармасы мен Директорлар кеңесіне өз қорытындылары мен ұсынымдарын ұсынады.

**Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпаратты беру жүйелері**

Топтың тәуекелдері әдеттегі қызмет барысында күтілетін шығынды да, статистикалық модельдер негізінде негұрлым үлкен нақты шығынды бағалауды білдіретін күтпеген шығынды да көрсететін әдіс қолданыла отырып бағаланады.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді талдау, бақылау және ерте анықтау максатында зерттеледі және өндөледі. Бұл ақпарат Басқармаға, Директорлар кеңесіне және Топтың әрбір бөлімшесінің басшыларына түсіндірмелеңімен бірге ұсынлады. Есепте кредиттік тәуекелдің жиынтық мөлшері туралы ақпарат, болжамды кредиттік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел лимиттерінен ерекшеліктер, өтімділік көрсеткіштері және тәуекел деңгейіндегі өзгерістер қамтылады. Ай сайын салалар, клиенттер және географиялық аймактар киындысында тәуекелдер туралы ақпарат беріледі. Токсан сайын Топтың Директорлар кеңесі тәуекелдер туралы егжей-тегжейі есеп алып отырады, онда Топтың тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдер қабылдау үшін барлық қажетті ақпарат болады.

**Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануы**

Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануын болдырмау үшін, Топтың саясаты мен процедуралары әртаратандырылған портфельді сақтауга бағытталған арнайы қагидаттарды қамтиды. Белгіленген тәуекел концентрациясын басқару жүзеге асырылады.

**Кредиттік тәуекел**

Кредиттік тәуекел - бұл Топтың клиенттері немесе контрагенттері өздерінің шарттық міндеттемелерін орындауы салдарынан шығынға ұшырау қаупі. Топ жекелеген контрагенттер бойынша қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерінің сақталуын мониторингілеу арқылы кредиттік тәуекелді басқарады. Осылайша, кредиттік тәуекелдің бір немесе өзара байланысты компаниялар тобында шоғырлануын болдырмау үшін, Топтың меншікті капиталының 25.00% аспайтын мөлшерінде лимит белгіленген. Банкаралық операциялар бойынша контрагент банктерге лимиттерді Акционер белгілейді.

Топтың жекелеген бөлімшелері жүзеге асыратын қамтамасыз ету мөлшерін мерзімді қайта қарауды қоса алғанда, контрагенттердің кредит төлеу қабілеттілігіндегі ықтимал өзгерістердің ерте анықталуын қамтамасыз ету үшін, Топ кредиттік сапаны тексеру процедурасын әзірледі. Кредиттік сапаны тексеру процедурасы Топқа өзі ұшырайтын тәуекелдер бойынша ықтимал шығындардың мөлшерін бағалауға және қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп баптарының баланстық құны өзара есеп айырысу туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдалану салдарынан тәуекелдің төмендеуінің әсерін ескермей, осы баптар бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін негұрлым дәл көрсетеді.

Қаржы құралдарының әрбір сыныбы бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері туралы толығырақ ақпарат жеке ескертпелерде берілген.

**Құнсыздануды бағалау**

Бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы орын алғанына қатысты әрбір есепті кезеңнің соына бағалауды жүзеге асыру әдістемесі шенберінде, қаржы құраларының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт туындау тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен Топ өзі берген кредиттерді мынадай топтарға біріктіреді.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

### ҚАРЖЫЛЫҚ

### ЕСЕПТІЛІККЕ

### ТҮСІНДІРМЕ

#### мың теңгемен

Топ тиімді пайыздық мөлшерлемемен дисконтталған күтілетін ақша қаражаттарының түгел алынбауын бағалау үшін, ықтималдық ескеріле отырып өлшенген бірнеше сценарийлер негізінде ККЗ есептейді. Ақша қаражаттарын түгел алмау - бұл шартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағындары мен ұйым алуды күткен ақша ағындарының арасындағы айырмашылық. ККЗ есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтер келесідей:

Дефолт ықтималдығы (PD)	<i>Дефолт ықтималдығы</i> - берілген уақыт аралығында дефолттың пайда болу ықтималдығының есептік бағалау болып табылады. Егер активті тану тоқтатылмаған болса және ол әлі де портфельдің белігі болып табылатын болса, дефолт қарастырылып отырган кезең ішінде белгілі бір уақыттаған орын алуы мүмкін.
Дефолт тәуекеліне ұшыраган шама (EAD)	<i>Дефолт тәуекеліне ұшыраган шама</i> , шартта көзделген негізгі борыш сомасы мен пайыздарды төлеуді немесе өзге де тәсілмен берілген қарыздар мен төлемдердің мерзімін өткізіп алу нәтижесінде есептелген пайыздардың өтелуін күтуді қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, болашакта қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраган шаманың есептік бағасын білдіреді.
Дефолт кезіндегі ысырап деңгейі (LGD)	<i>Дефолт кезіндегі ысырап деңгейі</i> дефолт кезіндегі шығын деңгейі белгілі бір уақытта дефолт орын алған жағдайда туындастырылған шығынның есептік бағасы болып табылады. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды, оның ішінде қамтамасыз етуді сату нәтижесінде алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма негізге алына отырып есептеледі. Әдетте, EAD-ге қатысты пайызбен көрсетіледі.

ККЗ-ның бағалау резерві активтің әрекет ету мерзімі ішінде пайда болуы күтілетін кредиттік шығындар негізінде есептеледі (барлық мерзімде күтілетін кредиттік шығындар немесе бұкіл мерзімде ККЗ), егер бастапқы танылған сәтten бастап кредиттік тәуекелдің айтартыктай есүи байкаласа, әйтпесе бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік шығындарға тен сомада есептеледі (12 айлық ККЗ). 12 айлық ККЗ-бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындастырылған ККЗ болып табылатын ККЗ-ның барлық кезеңдегі белігі. ККЗ барлық мерзімде және 12 айлық ККЗ белгіленген маңыздылық шегіне байланысты жеке негізде немесе топтық негізде есептеледі.

Топ қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт туындау тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен бастапқы танылған сәтten бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғауы орын алғанына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңында бағалауды жүзеге асыру үшін әдістеме әзірледі. Жоғарыда сипатталған процесс негізінде Топ өзі берген кредиттерді келесі топтарға біркітіреді:

1-кезең:	Кредитті бастапқы тану кезінде Топ бағалау резервін 12-айлық ККЗ-ға тен сомада таниды. 1-кезенге кредиттер мен басқа кредиттік желілер де кіреді, бұл кредиттік желілер бойынша кредиттік тәуекел 2-кезеңнен ауыстырылғанға дейінгі дәрежеде төмендеді.
2-кезең:	Егер кредит бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәтten бастап айтартыктай есken болса, Топ бағалау резервін бұкіл мерзімдегі ККЗ тен сомада таниды. 2-кезенге кредиттер мен басқа кредиттік желілер де кіреді, бұл кредиттік желілер бойынша кредиттік тәуекел 3-кезеңнен ауыстырылғанға дейінгі дәрежеде төмендеді.
3-кезең:	Кредиттік құнсызданған болып табылатын кредиттер. Топ бағалау резервін бұкіл мерзім ішінде ККЗ тен сомада таниды.
СҚҚҚ:	Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚҚҚ) активтер – бұл бастапқы тану сәтіне кредиттік құнсызданғаны болған қаржылық активтер. Бастапқы тану кезінде СҚҚҚ активтер әділ құн бойынша бағаланды және кейіннен кредиттік тәуекел ескеріле отырып түзетілген, тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып есептелген пайыздық түсім танылады. ККЗ арналған бағалау резерві бұкіл мерзімдегі күтілетін кредиттік залалдар сомасының кейінгі өзгерісі болған көлемдеған танылады немесе танылуды тоқтатады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтің мөлшерін анықтау кезінде Топ басшылығы мынадай жорамалдар жасады:

- PD деңгейлері портфель сегментациясына байланысты тиісті пулдар бойынша анықталады:
  - 12 айлық күтілетін кредиттік залал мөлшерінде залалдарға арналған резервтер танылатын занды тұлғаларға-кредиттік серіктестіктерге берілген кредиттер бойынша PD деңгейі 9.85% құрады. (2023 жылғы 31 желтоқсан: 12.32%), кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын кредиттер бойынша және олар бойынша толық көлемде танылатын залалдарға арналған резервтер, яғни активтің бұкіл өміріне 55.50% (2023 жылғы 31 желтоқсан: 58.64%) құрады;

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

## ҚАРЖЫЛЫҚ

## ЕСЕПТІЛІККЕ

## ТҮСІНДІРМЕ

### мың теңгемен

- кредиттік-құнсызданған және құнсызданған қаржы активтері болып табылмайтын инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін занды тұлғаларға берілген, жалпы баланстық құны меншікті капиталының 0.2% кем, ол бойынша күтілетін кредиттік залал шығынға 12 айлық күтілетін кредиттік залал мөлшерінде танылатын кредиттер бойынша PD деңгейі 19.84% құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 20.69%), кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын кредиттер бойынша және олар бойынша залалдарға арналған резервтер толық көлемде, яғни активтің бүкіл өмірі мерзіміне 77.75% дег танылады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 77.82%);
- кредиттік-құнсызданған және құнсызданған қаржы активтері болып табылмайтын, жалпы баланстық құны меншікті капиталының 0.2% астам, ол бойынша күтілеттін кредиттік залал 12-айлық күтілетін кредиттік залал мөлшерінде танылатын, инвестициялық жобаларды іске асыру үшін занды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша PD деңгейі деңгейі 26.93% - құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 57.94%), кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын және ол бойынша күтілетін кредиттік залал толық көлемде, яғни активтің бүкіл өмірі мерзіміне танылатын кредиттер бойынга - 89.92% (2023 жылғы 31 желтоқсан: 78.66%);
- кредиттік залалдарға арналған резервтері 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар мөлшерінде танылған өзге де занды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша PD деңгейі 0.77% – 14.13% (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 0.66% – 57.01%), кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын және олар бойынша залалдарға арналған резервтер толық көлемде, яғни активтің бүкіл өміршендік мерзіміне танылатын кредиттер бойынша 40.92% – 71.77% (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 54.2% – 75.5%) болды;
- кредиттік залалдарға арналған резервтері 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар мөлшерінде танылған жеке тұлғалар тобына берілген кредиттер бойынша PD деңгейі 6.08% – 19.84% (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 6.83% – 20.69%), кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын және олар бойынша залалдарға арналған резервтер толық көлемде, яғни активтің бүкіл өміршендік мерзіміне танылатын кредиттер бойынша 37.78% – 79.31% (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 52.45% – 81.64%) болды.
- LGD әрбір қарыз бойынша жекелеп айқындалады:
  - жалпы баланстық құны меншікті капиталдың 0.2% кем кредиттік-құнсызданған және құнсызданған қаржылық активтер болып табылмайтын кредиттер бойынша LGD деңгейі 0.038% - дан 100.00% - га дейін (2023 жылғы 31 желтоқсан: 0.25%-дан 100.00%-га дейін) құрады. Жалпы баланстық құны меншікті капиталдың 0.2% асатын кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер бойынша LGD деңгейі 0.98%-дан 100.00%-га дейін (2023 жылғы 31 желтоқсан: 0.45%-дан 100.00%-га дейін) құрады;
  - кепілдегі мүліктің бастапқы бағаланған құнын төмендету RR(Collateral) есептеу максаттары үшін колданылатын қамтамасыз етудің өтімділік коэффициенттеріне және іске асырудың болжамды мерзімдеріне жүргізіледі. Жалпы баланстық құны 0.2%- дан асатын кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер бойынша кепілмен қамтамасыз етуді орташа өткізу мерзімі 24 ай деңгейінде, өтімділік коэффициенттері кепіл түріне байланысты 0.40–1.00 шегінде белгіленеді. Жалпы баланстық құны меншікті капиталдың 0.2%-нан кем кредиттік-құнсызданған және құнсызданған қаржылық активтер болып табылмайтын кредиттер бойынша кепілмен қамтамасыз етуді орташа іске асыру мерзімі 20 айдан 36 айға дейін (2023 жылғы 31 желтоқсан: 20 айдан 31 айға дейін), өтімділік коэффициенттері кепіл түріне байланысты 0.4–1.00 шегіндегі айқындалған;
  - болашакта тусетін салықтар, сондай-ақ есепті жыл ішінде кайта бағаланбаған кепілдер және 6 жылдан артық мерзімі өткен берешегі бар кепілдер түріндегі мүлікті кепіл массасынан алып тастау;
  - жыл сайын бағалау құнының 10% женілдетілген нормасы бойынша жылжымалы мүліктің амортизациясы колданылған;
  - шектеу факторларына (меншік құқығын үшінші тұлғаларға беру және басқа факторлар) байланысты кепіл мүлкін өндіріп алу мүмкінсіздігінің ықтималдылығы және (немесе) өндіріп алғаннан кейін кепіл мүлкін сату мүмкінсіздігінің ықтималдылығы (кепіл мүлкінің қолайсыз сипаттамалары және басқа факторлар), pwrite-off коэффициенті ескерілген.

2024 жылы Топ белгіленген дефолт өлшемшарттарына сәйкес дефолт басталғаннан кейін клиенттерге берілген барлық кредиттерді ай сайын өтегу бойынша тарихи деректерді жаңартты. Өтегу статистикасының құрамына белгілі бір талаптар сақталған жағдайда сыйакының бір бөлігін өтегу ретінде мемлекеттік және квазимемлекеттік үйымдардан қарыз алушылар алған субсидиялардың сомалары енгізілді. Сонымен қатар, 2024 жылғы Топ дефолт сәтінен бастап 60 айдан артық уақыт өткен кредиттер үшін LGD есқіру механизмін енгізу арқылы RR компонентін (Cush) қайта теңестіруді LGD жүзеге асырды.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ЕСКЕРТПЕЛЕР****ҚАРЖЫЛЫҚ****ЕСЕПТІЛІККЕ****ТҮСІНДІРМЕ****мың тәңгемен**

2024 жылы Топ LGD (RRCollateral) есептеу кезінде кепілмен қамтамасыз етуді пайдалану тәсілін қайта қарады және коммерциялық жылжымайтын мүлік обьектілерінің едәүір бөлігін есептен шыгарды. Мұндай шешім Топтың агроенеркәсіптік секторды колдауға стратегиялық бағыттылығы және, сәйкесінше, дефолт кезінде кепілмен қамтамасыз етудің осындай түрін алып қою рәсімдеріне бастамашылық жасаудың төмен ықтималдығы ескеріле отырып қабылданған болатын. Нәтижесінде, клиенттерге берілген осы кредиттер бойынша LGD есептеу кезінде қарыз алушылардың операциялық қызметінен күтілетін түсімдерді бағалау немесе ақшалай өтеулер RR (Cash) жағына баса назар аударылды.

**Дефолтты және оңалуды анықтау**

Топ қаржы құралы бойынша дефолт орын алды деп есептейді, сондықтан кредиттер бойынша құнсыздандының немесе дефолттың обьективті растамасы болып табылатын бір немесе бірнеше оқигалардың болуы бағаланатын жағдайларда, ККЗ есептеу мақсаттарында, оны 3-кезенге (кредиттік-құнсыздандыган активтер) жатқызады.

Дефолт - бұл 60 күнтізбелік қүннен асатын мерзімі өткен берешектің болуы немесе клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалау шеңберінде төлемнің екіталаң екенін көрсетуі мүмкін бір немесе одан да көп жағдайлардың болуы. Мұндай оқигалар орын алған жағдайда, Топ мұндай оқиганың дефолтқа әкелетінін және активтерді ККЗ есептеу максатында 3-кезенге жатқызу көректігін немесе 2-кезең қолайлы болатынын мүқият талдайды. Мұндай оқигаларға мыналар жатады:

- 60 қүннен астам мерзімі өткен берешектің және кросс-дефолттың болуы;
- соңғы он екі айда бір немесе одан да көп рет мәжбүрлі қайта құрылымдаудың болуы;
- сот тәртібімен мәжбүрлеп өндіріп алу немесе банкроттық іс жүргізу;
- контрагенттің елеулі қаржылық киындықтары немесе қарыз алушының табыс деңгейінің немесе төлем қабілеттілігінің айтарлықтай нашарлауы туралы негізделген және расталатын акпараттың болуы;
- Топтың провизияларын есептеудің қолданыстағы әдістемесі шеңберінде айқындалған құнсыздану мен дефолттың өзге де белгілері.

Топтың саясатына сәйкес қаржы құралдары есепті қүнге дефолттың басталу критерийлерінің ешқайсысы байқалмаған кезде, сондай-ақ Топтың провизияларын есептеу әдістемесі шеңберінде белгіленген қайта жіктеу шарттарын орындау кезінде 3-кезенен ауыстырылады. Активті 2-кезенге немесе 1-кезенге жатқызған жөн бе дегенге қатысты шешім бастапқы танылған сәттен бастап есепті қүнге кредиттік тәуекелдің үлғаю белгілерінің болуына, сондай-ақ Топтың провизияларын есептеу әдістемесі шеңберінде белгіленген қайта сыныптау шарттарының орындалуына байланысты, атап айтқанда: контрагент берешекті күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтің қалыптасу қүніне қаржылық активтік жалпы баланстық құнының қаржылық активтің кредиттік-құнсыздандыған қаржылық активтер санатына ауысу сәтіне берешек сомасына тең немесе одан төмен деңгейіне дейін төмендеуіне әкелетін 12 айдан кем кезенде өтеген жағдайда және Провизияларды есептеу әдістемесінде белгіленген қаржылық активтердің құнсыздандыған белгілері негізінде құнсыздандыған обьективті растамасы болып табылатын оқигаларды бағалау қүніне болмаған жағдайда, кредиттік-құнсыздандыған қаржылық актив кредиттік тәуекелдің айтарлықтай үлғаю белгілері бар қаржылық активтер санатына ауысады. Контрагент берешекті резервтің қалыптасу қүніне қаржылық активтік жалпы баланстық құнының қаржылық активтің кредиттік тәуекелдің айтарлықтай үлғаю белгілері бар қаржылық активтер санатына ауысу сәтіне берешек сомасына тең немесе одан төмен деңгейіне дейін төмендеуіне әкелетін өтеген жағдайында және күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтердің қалыптасу қүніне кредиттік тәуекелдің айтарлықтай үлғаюы болмаған жағдайда, кредиттік тәуекелдің айтарлықтай үлғаю белгілері бар қаржылық актив күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтері он екі айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада қалыптасатын қаржылық активтер санатына ауысады.

Осылайша, құнсыздану кезеңдері арасында қарызды ауыстырудың (қайта жіктеудің) негізгі шарты мынадай шарттардың бірін немесе бірнешеуін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы байкалмайтын мәжбүрлі қайта құрылымдаудың үсінілған қүннен бастап кезең кемінде 12 айды қурайды. Жеке тұлғаларға берілген, ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар бойынша жеке тұлғаларға берілген қайта құрылымдаудың қарыздарды өтеудіңжетінші төлемнен бастап, мерзімін кешіктіруге шығу динамикасын тұрактандыру туралы куәландыратын тарихи статистикасы болған жағдайда, кемінде 6 ай шамасындағы кезең қолданылуы мүмкін. Құнсыздандыған обьективті растамасы болып табылатын басқа оқигалар бойынша, – кредиттік құнсыздандыған кезеңнің нашарлауына әкеп сокқан осы оқиға шығарылған сәттен бастап;
- Кредиттік құнсыздандыдан кейінгі қарыз алушы салған төлемдердің жалпы сомасы бүрынғы мерзімі өткен берешек мөлшерінен көп немесе соган тең.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

## ҚАРЖЫЛЫҚ

## ЕСЕПТІЛІККЕ

## ТҮСІНДІРМЕ

*мың теңгемен*

### *Қазынашылық және банкаралық қатынастар*

Топтың қазынашылық және банкаралық қатынастарына кем дегенде, үш халықаралық рейтингтік агенттіктер (Fitch Ratings, Moody's Investors Service, S&P Global Ratings) сыртқы кредиттік рейтингтер беретін ЕДБ кепілдігімен қарыздарды қоса алғанда, екінші деңгейдегі банктермен (ЕДБ) қатынастарды қамтиды. Контрагенттермен банкаралық мәмілелерді бағалау үшін, Топ әрбір контрагентті бөлек бағалайды. Халықаралық рейтингтік агенттіктермен немесе басқа да қолжетімді көздермен берілген сыртқы рейтингтері бар контрагенттер үшін Топ Moody's Investors Service (корпоративтік рейтингтер) кестесіне сәйкес дефолт дефолт ықтималдығын бағалауды қолданады.

### *АгроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру*

АгроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит берілген жағдайда, Топтың провизияларды есептеу процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелері кредиттік тәуекелдің айтарлықтай үлғау белгілерінің болуын, сондай-ақ қарызың құнсыздануының/дефолтының болуын айқындау бойынша жұмыстарды жүргізеді. Кредиттік тәуекелді бағалау төмендегідей әртурлі тарихи, ағымдағы және болжалды акпаратқа негізделген:

- Клиенттер бөлінісінде дайындалған болжалдарымен және жоспарларымен бірге тарихи қаржылық акпарат. Мұндай қаржылық акпаратқа алынған және күтілетін нәтижелер туралы деректер, төлеу қабілеттілігі коэффициенттері, өтімділік коэффициенттері және клиент қызметінің қаржылық нәтижелерін бағалау үшін орынды басқа коэффициенттер кіреді.
- Макроэкономикалық акпарат.
- Ұйым қызметінің нәтижелерін анықтау үшін орынды клиенттің басқару сапасы мен мүмкіндіктері туралы басқа негізделген және расталатын акпарат.

### *Дефолт тәуекеліне шалдыққан шама*

Дефолт тәуекеліне шалдыққан шама (EAD) құнсыздану мәніне бағалауға жататын қаржы құралдарының жалпы баланстық құны болып табылады және дефолтка жақындаған кезде клиенттің өз берешегін үлғайту қабілеттімен қатар, мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін де көрсетеді.

### *Дефолт болған жағдайдағы залал*

Дефолт (LGD) жағдайында залалды анықтау үшін, Топ дефолттан кейінгі қарыз алушыдан ақшалай қайтарымдарды (Дефолттан кейінгі өтеу коэффициенті – RR (Cash)) және кредит бойынша кепілмен қамтамасыз етуді есепке алады. Показатель RR (Cash) көрсеткіші токсанына бір рет бағаланады. Кепілмен қамтамасыз етудің құны Топтың кепіл мүлкін қайта бағалау кестелері бойынша бекітілген мерзімдер аясында қайта каралады.

Ақша ағындарын анықтау шенберінде кемінде соңғы 5 жылдағы дефолттық қарыздар бойынша ақшалай қаражаттардың ай сайынғы өтеулері талданады (кепіл мүлкін сату сомасын қоспағанда) және соңғы бес жылдағы ай сайынғы кумулятивтік RR(Cash) есептеледі.

Кепіл мүлкі есебінен өтеу коэффициентін бағалау үшін (RR (Collateral)i) бағалау құнінен бастап болжамды өткізу құніне дейінгі мерзімге дисконтирован өтімділік коэффициенттері ескеріле отырып, кепілмен қамтамасыз етудің әділ құны ескеріледі. Сондай-ақ, LGD бағалау кезінде Топ коэффициентті (p-write off)-шектеу факторларына байланысты кепіл мүлкін өндіріп алу мүмкінсіздігі және (немесе) өндіріп алу айналысын қолданғаннан кейін кейін кепіл мүлкін сату мүмкінсіздігін ескереді.

Кредиттік тәуекелдің бағалануы, нәтижесінде LGD белгілі бір деңгейі белгіленетін LGD стандартты бағалау моделіне негізделген. LGD бұл деңгейлері қолдағы ұстап тұрған қамтамасыз етуді сату нәтижесінде қалпына келтірілетін немесе сатылатын болады деп күтілетін соммаларға қарағанда, EAD күтілетін көрсеткішін ескереді.

### *Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай үлгауы*

